



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан

ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№10 (547)
7 наурыз,
2024 жыл



ШАҢЫРАҚТЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ — ӘЙЕЛДЕР

Миллиондардың алдында тікелей эфир жүргізіп, жылдар бойы телекөрсерменнің сеніміне ие болған журналистер көп емес. Өткір тіл, байсалды болмыс, харизмасымен ерекшеленетін тележурналисттің бірі – “Анаға тағзым” орталығының басшысы Алтынай Молжанова.

– Алтынай Бекмағанбетқызы, айта да, жаза да білетін журналиссіз. Өзіңіз 25 жыл жұмыс істеген телевизиядан ашақтап, мемлекеттік қызметке бет бұруыңызға не себеп болды?

– Журналистикадан мүлде қол үзіп кету мүмкін емес. Қай кезде де журналист ретінде қоғамның әр өзгерісін бағамдап, мәселені алдын ала сезіп, кейде жақсылықтың нышанын байқап қалатынымыз рас. Көзқарасым бұрынғыша. Телеарнада қай сала өкілінен сұхбат алар болсақ, алдын ала сол бағытты әбден зерттеп, танысатынымыз. Сондықтан руханият саласы маған бейтаныс дей алмаймын, медиадағы тәжірибем бұл қызметте де көп көмегін тигізуде.

Жалғасы 4-бетте

МАНСАП ПЕН МАХАББАТ «КӘРІ ҚЫЗ» АТАНҒАН КҮЛІМКӨЗ КӨП

Әйелдер тындырымды тірлік етсе де, қоғам олардың жетістігін бір ғана параметрмен пайымдайтын тәрізді. Яғни күйеуге шығып, ана атанғанды мұратына жеткен қыз деп таниды. Содан да болар, көбі кәрі қыздың көбейгеніне алаңдаулы. Өткен жылы 2 млн-ға жуық қазақстандықтың отбасын құруға асықпайтыны айтылды. Ұлттық статистика бюросы 230 мыңға жуық бос қыздың Түркістан облысында тұратынын мәлім етті. Солтүстік Қазақстан облысында тұрмыс құрмаған 45 мың әйел бар. Бұл көрсеткіш Алматыда да жоғары. Расымен оң босағада отырғандар орнын таппай жүр ме? Себеп қандай? Талдап көрелік.

ЖАЛҒЫЗБАСТЫ БОЛУ ҚОРҚЫНЫШТЫ ЕМЕС

Ер адамдардың жазатайым оқиғадан көз жұмуы да кәрі қыз санын көбейтеді-мыс. Жасыратыны жоқ, санда бар санатта жоқ еркектердің бұған ықпалы тиеді. Яғни бұлар маскүнем, бомж, белсіз, ауру, димкәс және қызтекелер деп демограф М.Тәтминов турасын айтқан еді. Иә, күйеуге шығып, бала таппау демографиялық ахуалға әсер ететіні рас. Бірақ карьера қуған кәрі қызды сынга алмай, жоғарыдағы себеп-салдарды да ескеру керек сияқты.

Сондай-ақ әлеуметтанушы Жанар Жандосова статистика халықтың қаржылық және әлеуметтік жағдайына байланысты екенін айтады. Кедейлер саны көп аймақта некелесу аз. Себебі жеке баспана мен жұмыс болмағандықтан отбасы болудан тартынады. Сөйте тұра қаржы отау құрмаудың жалғыз себебі емес. Кейбір адамдар жалғыз өмір сүріп үйреніп қалса, енді бірінде екінші жартысын іздеуге уақыт жоқ.

Жалғасы 2-бетте

8 НАУРЫЗ



Коллаж АЖ

Сурет ашық дереккөздерден алынды



ФЕМИНИЗМ: “АЛТЫН ОРТАНЫ” ҰСТАҒАНДАР ҰТЫЛМАЙДЫ

Кейінгі кезде феминистік көзқарасын айқын білдіретін адамдар көбейді. Феминизмді біреулер жақтайды, біреулер дағтайды. Алдымен түсініп алайықшы, феминизм деген не өзі?

Уикипедияға көз салсақ, латынның фэмина, яғни әйел сөзінен туындаған бұл термин қоғамның барлық саласында әйелдерге ерлермен тең мүмкіндікті орнату дегенді білдіреді.

Былай қарасаң, біздің қоғамда бәрі дұрыс секілді. Қыз-келіншектер ерлермен бірдей білім алуда, барлық салада еңбек етуде. Білікте өзін дәлелдегендер де аз емес. Бірақ неге бұл тақырып қозғала береді?

Мұны білу үшін алдымен студент қыздардың пікірін сұрадық. “Оқу орнында топтағы ұлдардың саны аз ғой деп, кейбір оқытушылардың ер балаларға жоғары балл қоятыны, тіпті мектепте қабілеті жетпесе де топ басшысы етіп ұлдарды тағайындайтыны бар” дейді олар. Әйелдердің

көңілін қалдыру міне осындай “болмашы” деп саналатын жағдайлардан басталатын секілді.

ТАСАДАҒЫ ТАҒДЫРЛАР

“Феминизм гуманизммен пара пар. Ол – адам құқығы үшін күресу. Әйелдердің құқығын шектемеу керек деген қарапайым қағида. Әйелдер қандай жұмыс істеп, қайда оқитынын, кімге тұрмысқа шыққысы, қанша бала дүниеге әкелгісі келетіні туралы өзі шешім қабылдауы керек” дейді сценарист, продюсер Перизат Мырзахмет. Иә, астарына үңілсек қиындатуды қажет етпейтін қарапайым түсінік.


Жалғасы 5-бетте



ГҮЛ БИЗНЕСІ
ГҮЛДЕНЕ МЕ?

8

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – НАРЫҚТЫҢ ҚАРА НАРЫ



3

Басы 1-бетте

МАНСАП ПЕН МАХАББАТ «КӘРІ ҚЫЗ» АТАНҒАН КҮЛІМКӨЗ КӨП

Ғалымдар жалғызбасты болудың артықшылығы мен кемшін тұсын айтып-ақ жүр. Расында оның биологиялық және психологиялық тұрғыда адамға әсер ететіні анық. Бірақ адекватты қыздар мұндай ықпал мен қауамалаған қоғам пікіріне байланысты күйеуге шығу туралы ойын өзгертпейді.

– Адамзат тарихында жалғыздықтың өлімге әкелетін кездер болған. Ата-бабаларымыз отбасында, қауымдастықта өмір сүрген. Адамдар жаудан, жабайы аңдардан аман қалу үшін, бір-біріне қамқор болу үшін бір шаңырақ астында өмір сүрді. Алайда ол заман артта қалды, қоғамымыз өзгерді. Егер бұрын қоғамнан тыс кез келген адам белгілі қауіпке ұшыраса, енді жалғыздық әр адамның жеке таңдауы.

Адекватты өзін-өзі бағалайтын әйелдердің мүлдем тұрмысқа шыққысы келмейтіні рас. Оларға жай күйеу қажет емес: тек жақсы көру және құрметтеу керек. Ондай бойжеткендер «бәрі тұрмысқа шығады», «досым да отбасын құрды» деп біреуді іздеп АХАЖ-ға бармайды, – дейді психолог М.Лабковский.

Иә, мансапта жолы болғанымен, махаббатта ұзақ таңдау жасайтындыр бар. Сөйтіп күйеуге шығуға ыңғайлы жас 23-25-тен әрі асқанда жарына қоятын талап та қатаң болады. Ал 30-ға таяған қыздардың болмысы қатал болуы ер адамнан жылулық көрмегеннен десе, медицина мамандары 25 жастан аса да, сәби сүймеген кей арулар аналық инстинкті жоғалтып алуы мүмкін дейді. Соның өзінде қазір «таңдаған тазға жолығады» деген төмсіл қыздардың тұрмыс құруына түрткі емес. Жалғыздық жан тыныштығының шешімі болса, ку тізені құшақтап қалудың да ойлантарлық тұсы бар.

Махаббат оппозициясы: күш көрсеткенге көнбеймін

Психолог М.Бекайдар тым пассивті, тым активті болу тұрмыс

құруды қиындата түсетінін айтады. Сондықтан орташа позиция дұрыс шешімнің бірі. Неғұрлым жасөспірім шақта күйеуге шығудың артықшылығы жиі айтылады. Жігіттер жағы мұндайда қызды «тәрбиелеп» аламыз деген пікірде. Ал 25 жастан асқан қыздардың мойынсұнуы екіталай. Олар тұрмыс пен тірлікке емес, ене мен қайын апаның қысымына бас шұғып көнбейтін тәрзіді. Сондықтан санала түрде қолдау көрсетіп, қорған болатын нағыз ер азаматты іздейді. Қазір белең алған зорлық пен жәбірді естіп зәресі ұшатыны содан, бәлкім. Өйткені статистика көңілді алаң етпеске қоймайды. ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша өткен жылы зорлық-зомбылыққа қатысты 60 741 құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Еліміздегі әйелдер мен қыздардың 16,4% өмір бойына, 5,6% күйеуі немесе жыныстық серіктесі тарапынан күш көрсету және сексуалдық зорлық-зомбылықты көріп отыр. Тұрмыстағы зорлық-зомбылық фактілеріне қатысты шығарылған қорғау ұйғарымдарының саны бытыр 75 мыңға жеткен. Тіпті сот құқық бұзушылардың мінез-құлқына 12 мың ерекше талап қойған екен.

– Әрине, адамның дегені емес, Алланың дегені, пешенеге жазылғаны болады ғой. Дегенмен күн сайын небір жағдайларға куә болып, түрлі ақпараттар естиміз. Отбасылық өмірге деген аздап қорқыныш туындайды. Бір жағынан жұмыс та жасағым келеді. Бұл тұрмыс құрсаң жұмыстан қол үзесің деген сөз емес. Әрине тұрмыс құрған соң сәбилі боласың. Ал бала деген үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Жұмыс істей жүріп тәрбиелеу өте қиын. Дәл осы тұсқа келгенде өзімің әлі дайын емес екенімді сезінем.

Сондай-ақ қазақ ұғымында әйел ер адамнан бір саты төмен тұруы тиіс. Мен бұнымен келіспеймін. Себебі дәл осы сөзге, одан кейін «әйелді бастан» деген мақалға сүйеніп, жарына



өмірін жүргізгісі келетін ер адамдар толып жатыр. Мен осыдан қорқамын. Әрине, әркімнің санасына байланысты ғой. Бірақ ол сенің қабырғаннан жаратылған, қабырға қисық болады демей ме... Ұрып-соғып түзеймін десең қателесесің. Сындырып алуың бек мүмкін. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түр-түрін естіп те, көріп те жүрміз. Барлығына бірдей топырақ шашпаймын. Әйелдің де кінәсі болады. Бірақ бұл ұрып-соғуға себеп емес. Ол сенің жеке меншігіңді затың емес, – дейді Маржан есімді ару.

«Тақиялы періштелердің» қалтасы қалың ба?

Қазір сүрбойдақтың да саны артты. Сондықтан мұның бәрі демографияға алаңдаудың дабылы дерсің. Жалғызбастыларды азайту бұрыннан бар. Осыған қатысты кезінде «ай сайын 5 мың теңгеден салық салса, азаматтар өздері ойлана бастайды. 25-тен асқан қыздар мен 30-дан асқан жігіттер өздерінің өмірлік серіктерін таппағаны үшін мемлекетке салық төлеуі ке-

рек» деген ұсыныс та айтылған еді. Мәселен, Кеңес өкіметі кезінде отау құрмаған және балалы болмаған 20-45 жас аралығындағы қыз-келіншек пен 20-50 жас аралығындағы ер-азаматтар жалақысының 6 пайызын мемлекетке аударып отырған. Бірақ бұл халық санын көбейтуге арналған оң шешім болмауы да мүмкін. Өйткені әркім өз өмірінің иесі десең, таңдау соның қолында.

Уақыт жастықты ұрлайды. Десек те қыздар қауымы кәрі қыз атауына қарсы. Олар жүрегі мен көңілінің әлі де жас екенін айтып ағынан жарылады. Келесі тарап отбасылық жағдайдың минусқа ұшырамасы үшін жеке басына көңіл бөлмей, өкініген сәті барын жеткізді. Ал қалың мал мен мөлшерден асқан мәһр сұрайтын қыздар желіде қызу талқыға түсуде. Бәлкім олар құныққаннан емес, жайлы өмір сүрудің жайын қамдайтын болар. Кім білсін?!

– Өз адамды, яғни жауапкершілігі мол жігітті жолықтыра алмай жүрмін. Отбасы – ең үлкен жауапкершілік. Ал қазір жігіттер

жауапкершілік арқалағысы келмейді. Тіпті қара басын асырай алмай жүрген жігіттер де бар. Жеке, жалғыз жүріп қандай да бір жетістікке жетпеген (яғни үй не көлік ала алмаған) жігіт сені жарытпасы анық, одан кейін балашағасы болады, оларды тіпті асырай алмайды деп ойлаймын. Ақылы бар қыздар осы жағын да саралайды деп ойлаймын, – дейді А.Асылбекқызы.

Психологтардың айтуынша, үлкен үйленбеуі, қыздың оң жақта отырып қалуының басты бір себебі – психологиялық блок. Ол білікті психотерапевт мамандарының көмегімен жүзеге асады. Мамандардың еңбегіне зер салсақ, блоктардың басым бөлігі төрт түрлі жағымсыз эмоцияның әсерінен туады екен. Олар ашу-ызса, реніш, қорқыныш және өкініш. Мәселен, «ажырасып кетпеймін бе?», «ажырасып кетсем жалғыз өзім баламды асырай аламын ба?» т.б. осы секілді болашақтан қатты қорқып психологиялық блоктың қорқыныш түріне жатады. Ал өкініштің типіне өз тәнін қабылдамау, «түу, еркек боп жаратылғанымда ғой» деп қыз бала болып туғанына өкініш білдіру, ер адамдардың өзіне көңіл толмауы жатады. Бұл қуатты кемітіп, отбасын құруды қиындатады дейді мамандар.

Расымен мансап пен махаббатты салыстырып, жар іздеген жігіттің қалтасын санамай немесе жасы келген қызды сынамай, алдымен тұпсанамен жұмыс істеген абзалырақ. Сонда ғана мәселенің шешімін табуға болар.

Түйін. Деректерге сүйенсек, алақанда махаббат сызығы болады. Егер ол айқын көрінсе, адам міндетті түрде некеге отырады, ал ұзындығы жеткілікті және шынашақтан ары қарай өгіп кетсе, некелесетін адамының адамгершілігі жоғары болады. Расымен бұл фактілер қызықты. Бірақ үнділер секілді тағдырды алақаннан емес, маңдайдан оқитын халық болғанын кейін пешенеге жазылғанын көрсетіс. Тек басқа қонған бақты кері теппесеніз болғаны.

Нәзік АХМЕТ

Қалталы қыздардың қатары көбейді

Әлемде ең алғашқы миллионер әйел Сара Бридлав есімді кәсіпкер. Лақап аты Мадам Си Джи Уокер есімімен әйгілі болған американдық кәсіпкер 1867 жылы қарапайым отбасында жеті баланың алтыншысы болып дүниесігін ашқан. Афроамерикандық әйелдерге арналған косметика мен шашқа арналған өнім түрлерін табыс көзіне айналдырған ол «Madame C.J.Walker Manufacturing» компаниясын құрады. Тауарларды өндіру, жарнамалау және таратумен айналысқан атақты компания несінің өмір жолы өте ауыр оқиғаларға толы.



Тақырыптан ауытқымай, Отанымызға оралайық. Егемендік алып, еңсесін тіктеген елімізде де жылдан жылға кәсіпкер қыз-келіншектер қатары артып келеді. Жұмыс жыныс таңдамайтын заманда табысты тіршілікті дөңгелетіп отырған нәзік жандылар қауымы облысымызда да көбейіп келе жатқаны көңіл қуантарлық жайт. Заман ағымы жалғыз жұмыспен шектелуді құтпаймайды. Атап айтқанда, 2024 жылдың I қаңтарындағы есепке сүйенсек, облысымызда шағын және орта кәсіпкерлік бойынша 71 147 субъекті тіркелген. Оның ішінде әйелдер үлесі 35 269 құрайды. Бұл дегеніміз облысымыздағы кәсіпкерлердің 49,5%-ы, яғни тең жартысы әйелдер. Етектері қауымы ерден бір саты төмен тұрғанымен, еш қалыспай еңбек ете алатынына көзіміз жетіп жүр.

Бытыр, яғни 2023 жылы, облыста кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға әртүрлі көздерден 68 млрд теңгеден аса қаржы қаралып, жыл көлемінде 4716 жобаға қаржылай қолдау көрсетілген. Кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы аясында несие портфелі 31,0 млрд теңгені құрайтын 837 жоба субсидияланды. Оның ішінде, 13,1 млрд теңгеге 447 жоба әйел кәсіпкерлердің еншісінде.

Сондай-ақ жалпы құны 16,6 млрд теңгені құрайтын 603 жоба бойынша кепілдік шарты жасалынған болса, оның ішінде 8,4 млрд теңгеге 302 жоба әйел кәсіпкерлердің үлесінде. 2022-2023 жылдары Ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 5 млн теңгеге дейінгі мемлекеттік гранттар 43 шағын кәсіпкерге табысталған болса, оның 17-і әйелдердің үлесінде. Сонымен қатар аталған жоба аясында қайтарымсыз мемлекеттік гранттар (400 МРП) 1529 шағын

кәсіпкерге табысталған болса, оның 890-ы әйел кәсіпкерлер үлесінде.

Ал микрокредиттер «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы микроқаржы ұйымы арқылы 3,0 млрд теңге шамасында 372 жобаға табысталған болса, оның 32,7%-ы әйел кәсіпкерлерге тиесілі. Яғни, әйел кәсіпкерлердің 1,7 млрд. теңгеге 122 жобасы қаржыландырылды. Зерттеуіміз бойынша нәзік жандылар арасында ең көп таралған кәсіп түрі сауда-саттық саласы мен тігін, колөнер бұйымдарын өндіру және сұлулық салондары екені белгілі болды. Жылжымайтын мүлік операцияларын орындау мен балабақшалардың басым бөлігі де дәл осы бұрымдылардың еншісінде.

– Алматы қаласы саудамен айналысатын әйелдер саны бойынша көш бастап тұр. Бірақ олардың үлесі небәрі 52%-ды құрайды. Ұлытау және Қостанай облыстарында сауда секторында жұмыспен қамтылғандардың 67%-ы әйелдерге тиесілі. Саудадағы әйелдердің ең аз үлесі Түркістан облысында, онда көрсеткіш 47%-ды құрады, – дейді Dasco Consulting Group басқарушы директоры Дөрмен Сәдуақасов.

Ауылшаруашылығына келер болсақ, аграрлық несие корпорациясы арқылы кредиттер 459 жобаға 10,2 млрд теңге қаржыландырылды. Оның ішінде әйел кәсіпкерлердің үлесі 23,1%-ды, яғни жалпы сомасы 2,3 млрд теңге болатын 106 жобаны құрады. Сонымен қатар 2023 жылдан бастап Аграрлық несие корпорациясы арқылы жастар кәсіпкерлігі мен ауыл тұрғындарына жылдық 2,5 пайызбен 492 жоба 2,3 млрд теңгемін қаржыландырылса, оның 917,9 млн теңгені құрайтын 205 жобасы әйел

кәсіпкерлерінің еншісінде. Яғни ауылдық жерлерде мал мен құс ұстап, кәсібін дөңгелетіп отырған нәзік жандылар да аз емес көрінеді.

Облыс бойынша «Ауыл-Аманаты» бағдарламасы аясында ауыл тұрғындарының табысын арттыру мақсатында жеңілдетілген тәртіппен жылдық 2,5%-бен шағын несиелер беруді жүзеге асыратын «Байқоныр» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамымен 3,0 млрд теңге сомасына 406 жоба қаржыландырылды. Оның 160 жобасы әйел кәсіпкерлердің үлесінде болып, жалпы сомасы 903,4 млн теңгені құраған.

Жаңадан тағайындалған Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров ақпан айында өткен кезекті жиында әйелдер кәсіпкерлігінің қолға алынып жатқанын мәлімдеді.

– Әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға қатысты жуырда шағын және орта бизнесті қолдаудың жаңартылған бағдарламасы бекітілді. Оператор – «Даму» қоры. Онда алғаш рет «Әйелдер кәсіпкерлігі» бағыты бөлек енгізілді. Жаңа бағдарлама аясында әйелдер кәсіпкерлігін дамыту үшін жеңілдікті қаражат, сондай-ақ субсидиялар бөлінеді. «Даму» қоры өтініштерді қабылдайтын ресми түрде жариялады. Сондықтан «Даму» қорына хабарласып, әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың жолдары туралы нақты түсініктеме алуға болады – деді ол.

Ан мен бала – мемлекеттің басты байлығы. Бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен кәсібін дөңгелетіп отырған осынау қайсар да нәзік жандылар қауымы қашанда құрмет пен қолдауға лайық.

Аружан ОРАЛБАЙ

«Қай жерде, мейлі, қай елде, әлемнің мәні - әйелде» деп Жүрсін ақын жырлағандай, әйелдер – әрбір шаңырақты шаттыққа толтырып, шырайын келтіретін ерекше жандар. Біз бүгін әйел болмысындағы көпшілік біле бермейтін қызықты деректерді ұсынуды жөн көрдік.

1. Әйелдер бір күнде 20 мыңға жуық сөз айтады, бұл еркектерге қарағанда екі есеге артық көрсеткіш.
2. Әлемдегі ең бай 20 әйел өзінің байлығына әкесінен не күйеуінен мұрагерлік жолмен қол жеткізген.
3. Әйелдер өз өмірінің толық бір жылын «не киемін» деген оймен өткізеді.
4. Орташа есеппен алғанда әйелдер бір жылда 30-64 рет жылдаса, ер адамдар 6-17 рет жылдайды.
5. Әйелдердің жүрегі ер адамға қарағанда жылдам соғады.
6. Тек 2 пайыз әйелдер ғана өздерін әдемі деп санайды.
7. Алғаш рет әйелдер 1900 жылы Олимпиада ойындарына қатысқан.
8. Әйелдер ерлерге қарағанда ұзақ өмір сүреді, оның себебі әйелдердің иммундық жүйесінің баяу қартаюында.
9. Әйелдің есімімен аталатын әлемдегі жалғыз ел – аралдық мемлекет Сент-Люсия, оны Христофор Колумб 1502 жылы 13 желтоқсанда Әулие Люсия күнінде ашқан.
10. Статистикаға сүйенсек, әйелдер келіссөздерді ерлерге қарағанда жақсы және табысты жүргізеді.
11. Әйелдердің көпшілігі құпияны 47 сағат 15 минуттан артық сақтай алмайды.
12. Әйелдер қатарында адам өлтірушілер мен суицид жасаушылар ерлерге қарағанда 10 есе аз.
13. Өмір бойында әйелдер шамамен 2 келі ерін далабын жеп қояды.
14. Әйелдердің есте сақтау қабілеті ер адамдарға қарағанда жақсырақ.
15. Зерттеушілердің айтуынша, әйелдер ер адамға қарағанда өтірікті аз айтады.
16. Әлемдегі ең алғашқы бағдарламашы (программист) әйел адам болған. Ол – Англияда тұратын Ада Лавлейс.
17. Әйелдер бір жылда 120 сағатқа жуық уақыт айнаға қарайды.
18. Нәзік жандылардың 80 пайызы әр аптаның дүйсенбісінде диетаға отыруды жоспарлайды.
19. Әлемдегі ең жоғары IQ көрсеткіші әйел тарапында, ол 196-ны құрайды.
20. АҚШ-да бизнестің 30 пайызы әйелдерге тиесілі.

Aqmehit-zhastary.kz



Ел дамуын ілгерілетуге жол ашатын экономика ғылымының басты секторы – ауыл шаруашылығы. Бұл салада Қызылорда облысы жыл сайын жоғары көрсеткіштерге жетуде. Себебі орданың халқы ерте кезден бастап шаруашылық пен егінге етене жақын.

Ауыл шаруашылығы — нарықтың қара нары

СЫР ӨҢІРІНІҢ БРЕНДИ

Облыстағы агроөнеркәсіпті қолдау 2003 жылдан басталған. Қолдау аясында суармалы егіншілікте жетістіктер көбейді. Мәселен, Сыр өңірінің брендіне айналған күріш өсімдігі облыс халқының негізгі табыс көзіне айналды.

Сандарды сөйлетсек, 2022 жылы қызылордалық ауыл шаруашылығының еңбек-

керлері 550 мың тоннадан астам күріш өнімін жинап, орташа өнімділік гектарына 61,8 центнерге жетті. Өткен жылдың сәуір айына дейін Сыр диқандары 21,5 мың тонна күріш, 1782 тонна бидай, 30 тонна арпа, 116,3 тонна мақсары, 4,5 тонна соя, 51,8 тонна жүгері, 278 тонна жоңышқа тұқымын дайындаған. Өткен жылдың қорытындысы бойынша облыстан 30,7 млн долларды құрайтын ауыл шаруашылығы өнімдері әлемнің 21 еліне экспортталған. Барлық экспортталған өнімнің 86%-ы яғни 49 510,7 тонна күріш өніміне тиесілі.

БАСТЫ ҚАҒИДА – ҮЗДІКСІЗ ДАМУ

Өндірістік және қайта өңдеу компанияларының кешені болып табылатын Қазақстандағы ірі агроөнеркәсіптік холдингінің бірі – Olzha Agro. Жалпы жер көлемі 960 000 гектарды құрайтын өндірісте өсімдік, ауыл, мал шаруашылығы жұмыстары жүргізіледі. Тақырыпқа арқау болсын деп Olzha Agro холдингінің бас агроном маманы Бағдат Талғатұлымен сұхбаттастық.

– Бағдат мырза, қоғам арасында ауыл шаруашылығын тек трактор жұмысымен танытудың пікір қалыптасқан. Сіз үшін ауыл шаруашылығы нені білдіреді?

– Ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін маман немесе кәсіпкер жауапкершілікті сезінеді. Бұл салада тек ақша табу емес, елдің астық бөлігін қамтамасыз ету мақсатында үлкен жұмыстар атқарылуы. Иә, дұрыс айтасыз. Шаруашылықтан алыс жандар саланы тек трактормен байланыстырады. Бұл – қате пікір. Мысалы, Olzha Agro холдингіде техникадан бөлек жеті мың қызметкер бар. Егіннің топыраққа егіліп, өнім ретінде толыққанды өсуі, қайта өңделуіне дейін арнайы мамандар атсалысады. Трактор – ол техника, ауыр жұмыс жасайтын құрал. Ал техниканың әр бөлігін жинайтын, жұмыс барысында трактордың алқапқа кіруі, дұрыс бағытта жүргізілуі, жылдамдығы – адамның жауапкершілігінде. Жауапкершілік дегенім, егер алқап аумағында трактордың жылдамдығы сағатына 8 шақырым емес, 11-12 шақырымды құраса сапасыз өнімнің өсуіне алып келеді. Ауыл шаруашылығы – үлкен білім, еңбек және тәжірибе.

– Olzha Agro холдингінің негізгі бағыты – өсімдік шаруашылығы. Сапалы дөңді дақыл алу үшін қандай инновациялық әдіс немесе технология қолданылады?

– Компанияда «үздіксіз даму» қағидасы қалыптасқан. Жылдан жылға, айдан айға даму жолдарын іздейтін, жұмыс сапасын жақсарту бағытында құрылған арнайы бөлімдер бар. Біріккен жұмыстың нәтижесінде біздің әр қадаммыз цифрландырумен байланыстырылған. Жоғарыда айтқан тракторды алайық. Әр тракторға gps орнатылған. Ұялы телефон немесе компьютердің көмегімен техниканың қай алқапқа барып, қандай жолмен жүргенін бақылай аламыз. Жұмыс ІС бағдарламасымен жүргізіледі. Дөңді дақылдарға келсек, ауыл шаруашылығында қандай инновациялық өзгерістер бар, холдингіге барлығы қолданылады. Бүгінде егілген алуын бастап, себу, жинау барысында жаңа жобалар қолданылуы.

– Сыр өңірінде су тапшылығы мәселесі жиі кездеседі. Қостанай облысында су жағдайы қандай?

– Иә, Қызылорда облысында су тапшылығы мәселесі бар. Бізде егін саласы болғандықтан дөңді, майлы дақылдар үлкен аумаққа егіледі. Егін өсіру кезінде біз табиғи жолды қолданамыз. Яғни, жауын-шашынның көмегімен өседі. Алайда соңғы 3 жылда жаңбыр мөлшерінің азаюы салдарынан құрғақшылық мәселесімен бетпе-бет келдік.

Жауынның пайдасы мен зияны қатар жүреді. Әр өсімдіктің фазасы бар. Сол кезеңде жауған жаңбыр өсімдіктің өсуіне ықпал етсе, артық ылғал немесе басқа фаза кезіндегі су дақылды жоюы мүмкін. Компания 10 жыл бұрын 30-40 центнер өнім алса, бүгінде өнімнің орташа көлемі 15 центнерді құрайды. Бұл мәселемен күресу мақсатында жаңа тәсілдерді жүзеге асыруымыз қажет. Қар тоқтату техникасы арқылы жағдайды жақсартуға болады. Қыс мезгілінде жауған қарды толығымен алқаптың басында ұстап қалу жұмысы дұрыс жасалса, топырақтың ылғалдануына мүмкіндік беріледі.

– Өнім сапасының жоғары болуы жер құнарлылығына тікелей байланысты. Егіске берілген нысан қанша мәрте қолданылады?

Холдингітегі алқаптар үш мәрте қолданылады. Үш-төрт жыл жерге егін егіледі және бір жыл демалады. Егін саласында нысанды қолдануға байланысты ұғымдар бар. Біз 3 жылдық әдісті қолдануымыз. Алдағы уақытқа 7 жылдық әдісті қарастырудамыз.

– Егін егу мен егін жинау процесінің арасы қанша уақыт? Өнім жинауға қандай техника ұжымдастырылған?

– Егу мен жинауда көптеген фактор әсер етеді. Теория жағынан бидайдың жетілуі 92-93 күнде жүзеге асады, майлы дақылдарға келетін болсақ, зығырдың жетілуіне 70-100, жасымққа 80-100 күн қажет болады. Практика барысындағы басты фактор – ауа-райы. Жазда егілетін бір жылдық дақылдарға температура маңызды рөл атқарады. Мамыр айында егін басталса, шілде айында ауа-райы ысыды. Ондай жағдайда кей дақыл ерте піседі. Теория мен практикада айырмашылық бар.

– Ауыл шаруашылығы маусымдық жұмыс. Әр мезгілде атқарылатын жұмыстарды сипаттап берсеңіз.

– Маусымдық жұмыс ол қате пікір. Мамыр айының басынан бастап күнбағыс, ал он бесіннен бастап барлық дақылдар егіледі. Егіннен кейін химиялық

ең қолайлы жағдайлар орнату бойынша кеңес береді, – деді Әлішер.

Жоба ерекшеліктерінің бірі барлық өнімдерді команда толықтай қолдан жасайды. Құрылғыларға веб-сайт орнатылғандықтан фермер өнімдерін бақылай алады. Құрылғыны толыққанды іске қосу мақсатында Астана қаласындағы картоп және Қарағанды облысы, Соңалы ауылындағы фермада тестілеу жұмысы жүргізілген. Айта кетейік, «AgriMo» – патенттелген жоба. Кейіпкеріміздің айтуынша, аталмыш жоба өсімдік шаруашылығына арналған. Болашақта агродрондарды жетілдіру арқылы мал шаруашылығында да қолдануға болады.

ЕГІН ЕГУДІҢ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен ауыл шаруашылығы құрылымдары өкілдерімен кездесуде болжамды су көлеміне сәйкестендіріп егін егу мәселесі талқыланғаны есімізде. Жиын барысында күріш алқабындағы суды үнемдеуде лазерлік тегістеу әдісін қолдану туралы айтылды.

– Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген

отырысында көрші елдердің тәжірибесін зерттеп, су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізуді тапсырған болатын. Өзбекстан Республикасында ЮНЕСКО-ның «ZEF/UNESCO» жобасы шеңберінде іске асқан ғылыми зерттеулерге талдау жүргізілді. Нәтижесінде суармалы суды 20 пайызға дейін үнемдеуге және өнімділікті 30 пайызға дейін арттыруға болатыны дәлелденді. Бұл әдісті аймағымыздың диқандары 2013 жылдан бері инженерлік жүйеге келтірілген ауыспалы күріш егістігінің 55 пайызына енгізді. Алдағы уақытта бұл жұмыстарды әрі қарай жалғастырамыз, – деді аймақ басшысы.

Нұрлыбек Машбекұлы ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтен лазерлік тегістеу әдісін су үнемдеу технологияларының қатарына қосу жөніндегі ұсынысты қолдауды сұрады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы инвестиция тартуды тұрақты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп агроөнеркәсіптік кешен саласындағы 2024-2026 жылдары іске асырылатын инвестициялық жобалардың жол картасын әзірлеуде.

Жол картасында облыс бойынша құны 47,7 млрд теңгені құрайтын 27 инвестициялық жоба қамтылған. Бұл жобалардың жүзеге асырылуы 270 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Биыл жалпы құны 3,2 млрд теңгені құрайтын 10 инвестициялық жоба жүзеге асыру жоспарлануда. Оның ішінде, Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі негізінде жеңілдетілген қаржыландыру бойынша 5 жобаға республикалық бюджеттен 5 млрд теңге қаражат бөлінуде.

Үздік студенттерді бір алаңға жинаған Infomatrix-Asia халықаралық байқауында түрлі инновациялық жобалар таныстырылды. Оқушылар арасында топ жарып, қазылар алқасының көңілінен шыққан жобаның бірі – AgriMo. Қарапайым дрондардың механизмін жетілдіріп, фермерлердің мәселесін онтайландыратын жоба аясында елордалық мектеп оқушыларынан құралған команда жұмыс істеген. Әңгімелесу барысында команда мүшесі Әлішер Орынбай «Жобаның басты мақсаты – соңғы технологиялар арқылы фермерлердің өмірін жеңілдету. Бірегей автономды агродрондар мен ақылды метеостанцияларды дамыту арқылы өсімдік аурулары және топырақтың деградация мәселелерін шешеміз» деді. Оқушының сөзінен кейін инновациялық жобалардың ауыл шаруашылығы саласына кіріккеніне куандық.



ЕЛОРДАЛЫҚ ОҚУШЫЛАР АGRIMO ҰСЫНҒАН

Оқушылардың жетістігін естіп, жобаның ауқымдылығына көзіміз жетті. Олар Infomatrix-Asia конкурсынан бөлек WISE, ISIF, Tolyq Adam, Startup Battle Industry байқауларынан 5 млн теңгеден аса грант жеңген.

– Басты өнім – автономды агродрондар. Қарапайым дрон механизміне ауыл шаруашылығына қатысты AI модельдерін қосамыз. Агродрондар камера арқылы фермадағы барлық зиянкестер мен өсімдік ауруларын анықтап, автономды түрде қажетті бүріккіштер мен химиялық заттарды бүрікіді. Яғни компьютерлік көру технологиясы да қосылған. Ол арқылы дрон барлық зиянкестер мен ауруларды таба алады. Сонымен қатар фермерлерге қажет метеостанцияларды құрастырамыз. Бұл метеостанциялар фермадағы жер және ауа жағдайын толықтай зерттеп, өсімдіктер үшін




Басы 1-бетте

Шаңырақтың шырақшысы – әйелдер



Былтыр мен үшін өзгерістер жылы болды. Мұның алдында іштей жаңашылдықты қалап, басқа бағытта, өзге ортада еңбек етуге ниеттеніп, жолдасым екеуіміз Астанаға көшуге қамдандық. Бұл ой бұрыннан болды. Ұлттық арнадан бірнеше рет ұсыныс та түсті. Мұндайда жауапкершілік жағын көп ойлайтынмын. Қанша зиялы қауым өкілімен сұхбаттасып, ұзақ жыл тікелей эфирді тізгіндесем де, жаңа қызметке ауысу кейінге шегере бердім. Себебі көтере алмайтын шокпарды беліме байлағым келмейтін. Мен үшін мойынға алған тапсырманы тиянақты орындау, өлтіріп, бірақ уақытылы тапсыру өте маңызды. Тіпті теледидениде жүргенде бас продюссер ретінде сценарийім сол күні жазылмай қалса, түнімен ұйқым қашып, сүбелі сөз, әдемі тіркес ойыма келсе, бірден қағазға жазып қоятынмын. Жұмыстағы осы қасиетім басқа жаққа ауысу туралы шешім қабылдамауыма үлкен әсер етті. Бір жағынан ол кезде ұлымыз бен қызымыз Назарбаев мектебінде білім



ды. Бердібек Машбекұлын жақсы танытын азаматтар ол кісінің анаға деген құрметі ерекше болғанын жиі айтады. Бәріміз де аяулы жанды құрметтейміз, бірақ ол кісі бір емес, барлық ананың әлеуметтік жағдайына алаңдады. Әйел-анаға деген құрметтің белгісі ретінде ақ үй тұрғызу, «Анаға тағзым» орталығын ашуды армандап, оны іске асырды. Бүгінде сол ізді Нұрлыбек Нәлібаев жалғастыруда.

Әйел тыныш болса, әлем тыныш

– Бір сөзбен айтсақ, аналарды қолдайтын орталық...

– Иә, әйел тыныш болса, әлем тыныш. Әйелдің жүрегіне жайлылық орнаса, отбасында да жылы аура қалыптасады. Біз жұмыспен қамту орталығы немесе «міне үй, мынау кілт» деп пәтер беретін, емделуге жолдама дайындайтын ғимарат емеспіз. Бірақ қыз-келіншектерді рухани тұрғыда демеп, дамуына қолдау көрсете аламыз.

«Анаға тағзым» орталығы ашылғанда «Неге әдемі ғимарат тұрғыза береді, одан да аурухана салмай ма?» дегендер де болды. Алайда қазір рухани ортаны аңсайтын, зиялы қауыммен араласып, жақсыны көргісі келетін үйде отырған аналар көп. Өткенде ауылда туып-өскен студент қыз орталықты аралап, «Мен мұндай әдемілік тек Астана мен Алматыда ғана болады деп ойлайды» дейді. Нәліктен олар әдеміні басқа жақтан іздеуі керек, өз қаласында да сұлулыққа көзін тойдырсын, бірге дамитын орта тапсын. Ал жуырда бір келіншек «мыамды тынықтырғым келеді, әдемілікке қарап аз уақыт отырсам бола ма?» деп келіпті.

Байқадыңыз ба, әйелдерге және батырлармен бірге жоңғарларға қарсы соғысқан Гауһарды, ағасы Кенесары ханмен бірге соғысқан Бопайды келтіруге болады. Негұрлым жақын уақытта болған мысалдар – пулеметші Мәншүк Мәметова, мерген Әлия Молдағұлова, ұшқыш Хиуаз Доспанова, зенитші Ақима Ақжолова және басқа да Ұлы Отан соғысына көптеген қазақстандық әйелдер қатысқан.

Қазақстандық қоғамда армиядағыдай гендерлік теңдік қағидаты қатаң сақталды, сондықтан әйелдерге армияда ешқандай жеңілдік жоқ, қызметте бірінші кезекте олар – алдында бірқатар маңызды тапсырмалар тұрған әскери қызметшілер.

Әскери қызметтің қиын жағдайларына және үлкен жауапкершілікке қарамастан, еліміздің Қарулы Күштеріндегі әйелдер ерлермен қатар мансаптық сатымен жоғарылап, жоғары басшылық лауазымдарды атқарады.

Сөз соңында бүгінгі күні әйелдерсіз қазіргі армияны елестету мүмкін емес. Кейбір міндеттерді өздерінің психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне қарай ерлерге қарағанда, анағұрлым жауапты әрі тиімді орындайды, кейбір әскери кәсіптерді әлдеқашан таңдап, оларды атқарады. Әйелдер анағұрлым күйзеліске төзімді және шыдамды. Жалпы, олар ерлерден кем қызмет атқармайды.

Медет НҰРМАҒАМБЕТОВ. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушысы

көркемдікпен қатар өзін қолдайтын орта керек.

Біздің ұжымда бойжеткендермен бірге орта жастағы аналар, жасы жетпіске жақындаған әжелер де жұмыс істейді. Жастармен жұмыс істеу жеңіл екені рас. Бірақ он баланы өсіріп, өмір өткендерінен өткен аналардың айтар ақылы бөлек. Аспазымыз да жасы үлкен кісі. Бүгінгі буын ұлттық асты әдемі етіп дайындауы мүмкін, бірақ жоралғының түп төркінін білмейді. Дәстүрді түсіне алатын, көпті көрген қызметкерлерді таңдауымыздың бір себебі осында.

– Бірнеше жыл бұрын әйелдер митингісі белен алғанымен, қазір басылды. Мәселенің шешілуіне не ықпал етті?

– Журналист ретінде осындай жағдайлардың басы-қасында жүрдік, ақпараттандырдық. Бұл – бір кезеңді құбылыс. Түрлі әлеуметтік жағдайдағы отбасы, мүгедек бала өсіріп әбден шаршаған, пәтер ала алмай жүрген аналар бар. Өмір болғасын мұндай жағдайлар болмай тұрмайды. Кейбір әйелдердің арасында айқайласам аламын, байбалам салсам береді, бүлік шығаратындай пост жазсам, дегеніме жетемін деген түсінік бар. Тек әйелдер емес, мұндай позицияны кейбір ер адамдар да ұстанады. Сондықтан мүлде басылды деуге де болмас... Бірақ шаңырақтың шырағы – әйелдер. Рухани тұрғыда кемелденіп, жүрегі тынышталған аналар отбасының берекесін кіргізеді. Ұлттық құндылықты жаңғырту анандан басталады. «Анаға тағзым» орталығы дәл осы мақсатта, яғни ұлттық менталитетті сақтау, жаңғырту жолында қызмет етуде.

Мемлекеттік қызметкер емесің

– Әлеуметтік желіде белсенді емессіз. Бұған мемлекеттік қызметтің де әсері бар ма? Конвергентті журналистикаға қалай қарайсыз?

– Интернет күшейген сайын журналистиканың осы бір түрі керек болып жатыр. Бейімделуіміз керек. «Бүгін осындай шара өтеді, сұхбат алмақшымын» деп видео түсіріп, желіге жариялауға да болар еді... Бірақ «бұл адамдарға пайдалы ма?» деген ой тоқтау салады. Басқаға көмегі тиетін дүниені ғана жариялағым келеді. Телевизияда жүргенде де пост жазамын.

Ал мемлекеттік қызмет дегенге келсек, біз мемлекеттік қызметкер болып саналмаймыз.

– Журналист ретінде жүзеге адалмен сұхбат жүргіздіңіз. Есіңізде ерекше қалған сұхбат бар ма?

– Токтар Әубәкіровпен өткен эфирді айтар едім. Тау тұлғалы, еңсегей бойлы ғарышкердің қасында мен шынашақтай болып қалдым. Ғарышқа өзім ұшқандай, сұрақ та, жауап та есімде жоқ. Тек бекзада болмыс иесінің студияға өзі келіп сұхбат бергені ерекше қуанып, бір серпіліс алғанымыз есімде.

– Сізді ашық-жарқын журналист образында танимыз. Журналист Алтынай мен кәдімгі Алтынайдың айырмасы қандай?

– Бетперде кие алмаймын. Мақтанғаным емес, қай жерде де шынайымын. Үнемі күлімсіреп жүруге тырысамын. Тіпті, мешітке имам дұға оқығанда да жымынып отырыпмын. Оны өзім де байқамадым. «Неге күлдіңіз?» дегенде, «мен күліп отырған жоқпын» деймін. Бірақ ол кісі «Мен мұнына риза болдым, күліп жүрген адамға Алланың өзі мейірімін төгеді» деп жауап берді. Әріптестеріме де жұмысқа қуанып келіп, қуанып шығайықшы деймін. Көбіне жұмысқа жауап ойлап барамын. Телеарнада жүргенде де екі айдай солай еткенім бар. Мен тұратын шағын аудан мен облыстық телеарнаға қарайтын

Қазір қоғамда погон тағу тек ер азаматқа ғана тән деген ұғым мүлде өзгерген.

Өйткені, барлық салада әйелдер ерлермен қатар еңбек етіп келеді. Соның ішінде қылмыстық атқару жүйесінде абыройлы еңбек етіп, отбасына қоңіл бөліп, көп баланың анасы атану да ерлікпен тең.

арасы көліксіз жүрсең 1 сағат 40 минут. Таңертең 7.00-ге жақын үйден шығып, жолдан әріптес құрбым қосылып, жұмысқа 9-ға жақын жететінбіз. Жолдасым эфирге шығатын костюмдерімді көлікпен алып баратын. Кез келген жағдайға сабырмен қарап, апатияға түспеуге тырысамын. Спортқа жақынмын.

– Алдағы уақытта сізді теледидениден көруіміз мүмкін бе?

– Биыл жасым елуге толады. Тәжірибе болғанымен, эфирде жасқа да қарайды. Басшылар «Өзекжардыны» енді басқа адам жүргізсін» деген жоқ, мұның алдын алып, өзім шешім қабылдадым. Өйткені теледиденинің өз талабы бар. Жуырда облыстық телеарнамен жана жоба бастаймыз. Орталықтағы жұмыстардың ауқымдылығына байланысты, эфирді жүргізуді басқа журналиске тапсыратын шығармыз...

– Уақыт бөлгеніңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Айдана ЖҰМАДИНОВА



Негізгі міндетім – мекеме қамауында отырғандарға әкелінген сәлемдемелерді жіті тексеру.

Таңғы сөзімнен кешкі алтыға дейін күніне кем дегенде жүзге жуық сәлем-сауқат қабылданады.

Қатал қызметтегі нәзік Жанғар

Осы орайда Қызылорда облысы ҚАЖД-ға қарасты №68 мемлекеттік мекемесінде еңбек етіп жүрген погондағы аналар, қару асынған арулар Салтанат Темірланқызы Омарова және Әйгерім Сейілханқызы Ахметовамен оқырманды таныстырғанды жөн көріп отырмыз.

Салтанат 2008 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін тәмамдаған соң, ЗК-169/4 Тартоғай елді мекеніндегі қоныс колониясының арнайы есепке алу бөліміне жұмысқа орналасады. Он бес жылдан бері ҚАЖ саласында тегеурінді еңбек етіп жүрген өз ісінің жауапты да іскер маманы.

– Менің түзеу мекемесінде қызмет атқарғаным жолдасым қарсы болған жоқ. Ерте кетіп, кеш келетін қызметіме түсіністікпен қарайды. 2009 жылдан бері осы мекемеде жұмыс істеп келемін.

Тікемнен тік тұрып, әр келген затты мұқият қараймын. Тыйым салынған заттың өтіп кетпеуін қадағалаймын.

Жұмыс барысы физикалық та, моральдық жағынан да денеге қиы, санаға салмақ салады. Әйтсе де бұл шаршаудың бәрін үйге барғанда ұмытып кетемін. Өйткені отбасыма қамқор жарым, қылықтарымен сүйсінер ұл-қыздарым бар. ҚАЖ қызметкері ретінде иығымдағы погонның салмағын сезініп, өзгелерге үлгі берер тұлға болуға талпынып келемін, – дейді старшина С.Омарова.

Ал арнайы есепке алу бөлімінің есеп техникі Әйгерім Ахметова жары Берік Қазбековпен бірге осы салада 7 жылдан астам уақыттан бері қызмет атқарып келеді.

Кезінде екеуі бөлімшеде бірге жұмыс істеген. Оларды табыстырған тергеу изоляторындағы қызмет барысы болатын. Әдепті Әйгерімнің әдемі әлемін таныған Берік өмірлік серігі болуға ұсыныс жасаған. Бүгінде үш баланың анасы атанған ол отбасы мен қызметінде үлгілі ару.

– Іс-қағаздарымен жұмыс жасау аса жауапкершілікті талап етеді. Этап болған күндері ерте келіп, кеш кетесің. Ондай сәттерде үйдегі балаларыма қамқор болып отырған анам (енем) менің жоқтығымды білдірмейді.

Жұмыстан кеш барсам да үй шаруасын тындырып, отбасыма көңіл бөлемін. Ұлттық дәстүрімізге сай, кішіпейілділік танытуға, әйелге тән нәзіктігімді сақтап жүруге иығымдағы погон әсерін тигізбейді, – дейді, әділет аға сержанты, үш баланың анасы Әйгерім Сейілханқызы.

Иә, шынында да аға сержант – өз ісінің білікті маманы. Қылмыстық атқару комитеті мен полиция басқармасы және ҚАЖ департаменті тарапынан бірнеше алғы хаттармен марапатталған. Көркем мінезімен ұжым мен жақындарына сыйлы жан.

Мұндай мекемеде жұмыс жасау нәзік жандарға әрине, оңай емес. Әйтсе де, Салтанат пен Әйгерім қатаң тәртіп пен нәзіктікке қасиеттілік үйлестіріп, ел тыныштығына үлес қосып келеді.

Айта кетейік, бізді мекеменің мемлекеттік тіл аудармашысы Раушан Абдрахманова арнайы шақырып, қыздардың тынымсыз тірлігімен таныстырған еді. Ол қамауда отырғандармен тығыз жұмыс істеп, кітапхана жұмысын жүргізіп, түрлі мәдени шараларды жүйелі өткізіп отырады. Қызметкерлердің қызу жұмысын елге таныстыруда Раушаның еңбегі өлшеусіз.

Батыр ару, батыр ана, батыр қызметкер атанып жүрген қазактың ор болмысты қыздары қашанда құрметке лайық.

Айдар САЙЛАУОВ

Әйелдің әскери қызметте болғаны дұрыс па?

Арулардың қолына қару алып, Отанды қорғап жүргені жаңалық емес. Барлық уақытта ерлермен бірге иін тіресе, жауынгер әрі батыл әйелдер Ұлы дала кеңістігін қорғаған. Қазіргі тарихи кезеңде де тәуелсіз Қазақстанның армиясында көптеген әйелдер әскери қызмет етуде. Ал «әскерде қызмет ету – әйелдің ісі емес» деген ұғым орынсыз.

Көне тарихқа үнілетін болсақ, қазақ қоғамында және көпшілік көне түркілерде әйелдердің орны Еуропа және Шығыс қоғамына қарағанда, жоғары болған. Әйелдер отбасының сақтаушысы, балалардың анасы ретінде әлеуметтік рөлін орындағаны сөзсіз. Бұл ретте қажет болған жағдайда қолына қару алып, ерлермен бірге өз отбасын және Отанын қорғаған.

Қазақ әйелдері ерте жастан өзіндік дене дайындығынан өткен. Қыздарға ат үстіне отыруды, епті және күшті болуды үйреткен. Ер балалармен бірге ат жарысы – байгеге қатысқан, сонымен қатар «қыз қууда» олар негізгі қатысушылар болған.

Тарихта көптеген жауынгер қыздардың болғаны мәлім. Әсіресе, айқын мысал ретінде сак патшайымдары



«Жас сарбаздар» клубы





Феминистер ең алдымен отбасындағы әділетсіздікті тілге тиек етеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының дерегі бойынша Қазақстанда тұрмыстағы зорлық-зомбылықтан жылына 400-ге жуық әйел көз жұмады. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Закиева 2023 жылы елде тұрмыстағы зорлық-зомбылықтан 69 әйел дүниеден озғанын мәлімдеді.

Әйелдердің бәрі гүлдей нәзік, бұлақтай мөлдір, жібек мінез болғысы келмейді дейсіз бе? Бірақ кей отбасындағы дөрекі қарым-қатынас, ер адамның нәзік жанға күш көрсетуі, ерім деп сыйлаған адамның өзінен төмен санауы әйелдердің қатты сөйлеуіне әкелетін секілді. "Әйел тілінен табады" десек те, ерлердің зорлық-зомбылығы ақталмайды.

«Тасадағы әйелдер» атты жобасында әйелдердің жағдайына тереңірек үңілген журналист-фрилансер Әйнел Әмірхан бұл бастаманың туындауына британиялық журналист Кэролайн Перестің Invisible Women: Exposing Data Bias in a World Designed for Men (Көзге көрінбейтін әйелдер.

ФЕМИНИЗМ: «Алтын ортаны» ұстағандар ұтылмайды

Басы 1-бетте

Неге біз еркектерге ғана ыңғайлы әлемде өмір сүреміз? деген гендерлік мәліметтерге негізделген кітабы арқау болғанын айтады.

«Дүниежүзі тұрғындарының тең жартысы әйелдер болса да, қандай да бір ғимаратты салғанда, жаңа дәріге сынақ жасайтын кезде тек ер кісілердің мүддесі ескерілетіні мені таңдандырды. Себебі о бастан адам дегенде тек ерлерді мысалға алады екен.

Бір мысал келтірейін. Кітапта көліктерге жүргізілетін краш-тест жайлы айтылады. Автокөлік қауіпсіздігіне арналған сынақтың бәрінде ерлердің антропометриялық деректері алынады екен. Көлік әйелдердің салмағы мен бойын ескеріп жасалса, олар рульге және басқышқа жақынырақ отыруы керек. Сонымен қатар қауіпсіздік белдіктерін жасағанда әйелдердің анатомиялық ерекшеліктері ескерілмей келген. Бұл әйел жүргізіп келе жатқан көлік өзгесімен соқтығысса, олардың ерлерге қарағанда ауыр жарақат алу ықтималдығы 47%-ке және қайтыс болу ықтималдығы 17%-ке жоғары екенін білдіреді» дейді ол.

Байқасаңыз, кейбір отбасыларда қыз бала үшін таңдау жасау, ауылдарда еріксіз қыз алып кашу әлі де бар. Феминистер осындай әділетсіздіктің алдын алғысы келетін секілді. Бірақ әйел құқығы, феминизм дегенді сылтау етіп, жат әрекет, өзге мақсатты көздейтіндер көп болып тұр. Феминизм әділеттілік орнатуды мақсат еткенімен, «ойына келгенді істеу» дегенді білдірмесе керек.

Бұл қазақта болған ұғым ба?

Алаш жұртының қызды қырдағы құралайға теңеп, төрден орын бергені

баршаға белгілі. Тарихқа көз жүгіртсек, сонау сақ заманында мемлекет тізгінін ұстаған Тұмар патшайым мен Зарина сұлудан бастап, Алаша ханның ханымы Ханбибі, Абылай ханның ержүрек қызы Айтолқын, Қаракерей Қабанбай батырдың жары Гауһар, Сүйіндік Олжабай батырдың анасы Есенбике, Кенесары Қасымұлының қайраткер қарындасы Бопай ханым ерлермен бірдей ержүректік танытып, ел іргесін жаудан қорғаған.

Ал бергін келе қазақтан шыққан ағартушылар қыздардың білім алуына ерекше көңіл бөлген. Ыбырай Алтынсариннің қазақ даласында алғаш рет қыздарға мектеп ашуы сол заманда жасалған көреген шешім, батыл қадам болды.

Сол жылдары баспа бетінде бұл мәселе кенінен қозғалып, «Абай» журналының 1918 жылы шыққан 7-санында «Әйелді оқыту керек» деген мақала жарияланды. «Мәдениетке аяқ басуға айналған жұрттың еркек, әйелі білімге бірдей ұмтылады. Өңкей ерлері ғана білімге ұмтылып, әйелдері жанды қуыршақ есебінде қалған ұлтты мәдениетке ұмтылған жұрт деп айтуға болмайды. Ондай ұлт қанша талпынғанмен түбірлі мәдениет жасай алмайды. Бір ұлт бір кісінің денесі сияқты, дененің жартысы әйел. Ерлері ғылымды болып, әйелі надан қалған ұлт бір жағын жын соққан денемен бірдей. Өр нәрсені білуге, үйренуге ұмтылу кісінің табиғатына біткен жан ләззаты. Өнер-ғылым – еркек-әйелдің ортақ сыбағасы» делінген жазбада.

Қазақта феминизм деген атау болмаса да, көзі ашық азаматтардың қыз бала дамуына көңіл бөлгенін, олардың өз потенциалына

сай мемлекет ісіне араласуын құптағанын байқаймыз.

Алтын ортаны ұстануға не кедергі?

Бүгінде әйелдердің көбінде «Мен нені қалаймын? Бұл менің таңдауым ба?» деген сұрақ бар. Сол ойдың жетегімен өзгеріске ұмтылғандар жетерлік. Бірақ феминист болғанның жөні осы екен деп асыра сілтеудің қажеті жоқ. Әлдебір феминист «Нәліктен жұмыс барысында диспенсердің суын ауыстыру ерлерге, ал мерекеден соң дастарханды жинастыру әйелдерге тиесілі. Мұнда гендерлік теңдік жоқ» дейді. Ал сіз қалай ойлайсыз? Ауыр суды көтеріп кімге нені дәлелдеуге болады? Денсаулығыңа зиян келтіріп, гендерлік теңдікті қалыптастырамын деуге бола ма?

Кейде әйелдің нәзік болмысын сақтау үшін кейбір мәселені ерлерге тапсырғаны да дұрыс секілді. Бұл туралы аймақтағы сұлулық байқауларының ұйымдастырушы, «Анаға тағзым» орталығының қызметкері Айдана Маратқызы «Әйел ер адамнан бір саты төмен тұруы керек деген қағиданы ұстанамын. Ерінің сөзін жерге тастамаған, қай ортада болсын, бағасын биіктетіп, «отағасым» деп сыйлаған әйел қай кезде де сыйлы. Сол кезде ғана отбасының берекесі артады, өзінің де мерейі өседі. Өзімнен кейінгі қыздармен кездесу барысында мұны үнемі айтып жүремін» дейді ол.

Байқап қарасақ, әйел бәрінен биік тұру үшін төмендейді деген сөздің жаны бар. Жағдайды ақылмен сараптап, өзінің де, ерінің де абыройын ойлап, «алтын ортаны» ұстаған әйел ұтылмайды.

Айдана ЖҰМАДИНОВА

●Сауалнама

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Қазақстан халқының 51 пайызын нәзік жандар құраса да, әйел құқығы нүктесі қойылмаған мәселе. Тіпті жаһандық деңгейдегі күрделі тақырыпқа айналды. Себебі әлемде әрбір үшінші әйел зорлық-зомбылыққа ұшырауда. Гендерлік теңсіздік жолында теңдікті қалайтын феминистік ұйымдардың ұраны жиі естілуде. Осы орайда қала тұрғындары арасында сауалнама жүргіздік.

- 1.Феминизм туралы ойыңыз қандай?
- 2.Қазақ қыздарының құқығы қаншалықты қорғалған?
- 3.Зорлық-зомбылық не себепті көбеюде?
- 4.Әлеуметтік желідегі коуч, психолог мамандардың кеңесін қолданасыз ба?



Әнелия Мәди

1.Феминизм. Бұл терминді естігенде көбінің ойына алғаш келетіні – әйелдердің алға шығуы. Десе де, басты идеясы – қоғамның бүкіл саласында қыздарға тең мүмкіндікті орнату. Яғни алға шығып үстемдік етуі деп тұрған жоқ, тең құқылы болуы басты мақсат. Меніңше, мұның түсінбейтін дәнеңесі де жоқ. Бастысы, әрбір адам өз құқығын, орнын, өмірдегі миссиясын білсе болғаны деп ойлаймын.

2.Қорғалған дейін десек ел ішіндегі

оқиғалар бар. Бірақ барлығында бірдей емес. Сондықтан қыздардың құқығы мүлдем қорғалмаған деп айтуға негіз жоқ секілді.

3.Зорлық-зомбылық. Атының өзі жан түршіктіретіні рас. Бірақ қоғамда болып жатқан, тіпті отбасылық жағдайда орын алатын нәрсе. Әрине, барлық отбасында бұл сорақылық болмайды. Дейтұрғанмен, отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдер мен балалар қаншама. Бұл – ащы шындық. Отбасындағы материалдық қиындық бір бөлек. Ал зорлық-зомбылық, айқай-шудың, физикалық қысымның салдары мүлде бөлек деп ойлаймын. Қазір агрессияға бейім немесе өзінің қалауын айта алмайтын жасқаншақ балалар көп. Меніңше зорлық-зомбылықтың бірден-бір себебі бұрынырақ өзі көрген қысымның салдары секілді. Себебі, отбасы – өмір айнасы.

4.Жоқ, қолданып көрмеппін. Өр адамның өз өмірі, өз тағдыры бар. Сол секілді сезімдері, қуанышы мен қайғысы тағы бар. Біреудің жан дүниесіндегісін екінші біреу қалай түсінбек? Бәлкім тағдырлас болар. Бірақ бірдей болады деп ойламаймын. Әлеуметтік желідегі айтылғанның барлығын дұрыс деп, өзіңе қабылдаудың қажеті жоқ секілді. Тыңдаған, көрген, білген дұрыс. Бірақ шешім тек өзінде болуы керек.



Алтынай Мейрамбекқызы

1.Феминизм біздің қоғамға жат ұғым, бірақ кей тұстарын қолдаймын. Бәрібір ер адаммен бірдей бола алмайсың. Ең бастысы, арадағы сыйластық. Қазақстанда феминистік ұйымдар бар. Бірақ мән бермейді екенмін.

2.Қазақ қыздарының құқығын қорғауды әлі де дамыту керек. Өкінішке қарай құқық мәселесінде шикіліктер бар. Жыл сайын көрсеткіші артып жатқан зорлық-зомбылық саны азайса екен деп тілеймін.

3.Күш көрсету немесе басқа зорлық әрекеттер отбасы ішінде жылдар бойы жиналған проблемаларының салдары деп ойлаймын. Бір-бірімен ашық сөйлеспей, эмоциясын жеткізе алмауы секілді болмашы мәселелерден туындайды. Ал нәтижесінде агрессия сынды сезімдерін басқара алмай қалады.

4.Желіні ашсаң не коуч, тренер, психолог, коуч көп. Бірақ олардың барлығы кәсіби маман емес. Алдымен сана, одан соң ой. Жақсы нәрсе ойласаң, барлығы жақсаруы мүмкін.

Айжан Орынбасар

1.Феминизм әуел бастан қыз балалардың құқығын қорғау, толыққанды білім алып, жұмыс жасай алуы және қоғамда әйел үнін естілуі үшін жұмыс істейтін қозғалыс. Ал сол қозғалыс аясында күресетін жандар – феминистер. Алайда уақыт өте келе феминизм ұғымы өзгерді. Түпкі мақсаты өзгермегенімен, бағыты

ситуацияға қарай өзгеріске ұшырады. Феминизм бүгінде ЛГБТ қоғамдастығына жақындауда. Бұл феминизмнен тым алшақ дүние, қателесуге болмайды. Дәл осы әрекетке қарсымын. Бірақ әйелдердің құқығын қорғап, қоғамда орны бар екенін насихаттайтын ұйымдардың жұмысын қолдаймын, бар болғанын қалаймын және бұл Қазақстанға қажет.

2.Қазақ қыздарының құқығы белгілі сатыда қорғалған. Бірақ әр адам өзін, көзқарасын, құқығын қорғай білу керек. Ал қазақстандық қыздар өз ойын қаншалықты еркін жеткізе алады, қорғай алады? Бұл да бір сұрақ.


3.Зорлық-зомбылық әрекеті тікелей нағандыққа байланысты. Білім саласындағы нағандық емес, адами тұрғыдағы нағандықтың салдарынан болатын іс-әрекет деп ойлаймын. Резонанстық жағдайға айналған Салтанат Нүкенованың өлімін аласақ. Қуандық Бишімбаев ауқатты отбасынан шыққанымен, ол адам ретінде нағанд болды.

4.Белгілі деңгейде қолданамын, белгілі



деңгейде қолданбаймын. Кез келген адам ақпаратты сараптай білу керек. Бұл ақпарат қажет пе әлде қажет емес пе? Әлеуметтік желідегі коучтар мінсіз емес. Сондықтан кеңестерінің ішінен өзіме қажетін ғана аламын.

Сауалнама жүргізген
Әлия ТӘЖІБАЙ



Қымызы қыздардың білім алуы қай ғасырда болсын өзекті. Өйткені 1920-1930 жылдары елімізде бастауыш мектепте оқитындардың 11%-ы ғана қазақ қыздары болған. Ал қазір 100 пайызға жеткені белгілі.

Ал адами капиталға келсек, оның еңбек нарығындағы орны, білімі, денсаулығы, физикалық қабілеті де негізге алынады. Қазір дамыған елдерде адами капиталға біліммен қатар денсаулықтың да үлкен үлесі бар. Сол үшін адами капиталға үнемі инвестиция құю қажет. Инвестицияны қажет ететін ол – білім мен медицина. Яғни, көкірегі ояу, көзі ашық, дені сау адам кез келген тығырықтан шыға алады. Ғалымдар зерттеуінде бойындағы қарым-қабілетін білетін жандар дағдарыс кезеңдерінде жол таба білетінін жазған. Сондықтан қаржы капиталы басым адам кез келген ситуациядан шыға алады деу қате. Өйткені білім мен денсаулықты негіз еткен адами капиталдың бәсі жоғары.

Дегенмен, дені сау, білімді адам қабілетін еңбек нарығында сынайтұны белгілі. Елімізде бастауыш, орта, жоғары біліммен қамту деңгейінің жоғары екені мәлім. Бірақ олардың іске келгенде осалдық танытатынын байқаймыз. Яғни, икем дағдысы аға ұрпақпен салыстырғанда төмен. Мұны қай саланы алып қарасаңыз да, байқау оңай. Ал бұл сыни тұрғыдан ойлау дағдысымен тікелей байланысты. Сондықтан қазір Қазақстанның адами капиталды дамыту индексында көтерілуі үшін сыни тұрғыдан ойлауға маңыз беріліп келеді.

Иә, «мұның бәрінің қыздардың білім алуына қандай қатысы бар?» дерсіз. Өйткені қыздардың заман талабына сай білім алуы сауатты ұрпақ тәрбиелеуге жол ашады. Мысалы, көзі ашық келіншек құрсағына бала біткеннен бастап не істеу керектігін біледі. Талдама жасату, дәрумен қабылдау, дұрыс тамақтанудың маңызын түсінеді. Демек, келер ұрпақтың денсаулық критерийі барынша қадағаланады деген сөз. Артында оның жақсы мектепте білім алып, үйірге қатысуына да жағдай жасалады. Осы тұста әлеуметтанушы Аяулым Сағынбаеваның айтуынша, тек ЖОО дипломы бар қыздар саналы ұрпақ тәрбиелейді деу қате пікір. Жалпы, рухани дүниесі бай, саналы келіншектер де тәрбиелі ұл-қыз өсіріп отыр.

– Халықтың 51,5%-ы әйел болғандықтан, әрине міндетті түрде олардың еңбек нарығында атқаратын қызметі жоғарылап барады. Сондықтан әйелдің білім деңгейі, денсаулық деңгейі жақсы болса, болашақта демографиялық ахуалға әсер етеді. Бірақ гендерлік өтпелі кезең мен демографиялық өтпелі кезеңге қарасақ, әйел адамның білім деңгейі көтерілген сайын, ол гендерлік өтпелі кезеңді оңай өткізеді. Тиісінше оның еңбек нарығындағы үлесі артқан сайын туу деңгейі төмендейді. Әрине, білімі жоғары, денсаулығы жақсы әйелдің дүниеге дені сау ұрпақ әкелу ықтималдығы жоғары. Бірақ бала тәрбиесіне келсек, бәрі балаға қаншалықты көңіл бөлінетініне байланысты. Отбасындағы құндылық да маңызды рөл ойнайды. Қазір жаңа туған балалардың арасында аутоиммундық туа бітті аурулар көбейіп бара жатыр. Сондықтан баланың аман-сау дүниеге келу факторын алып қарасақ, мұнда әйелдің білімінен гөрі денсаулығы маңызды, – дейді әлеуметтанушы-демограф А.Сағынбаева.

Сонымен қатар ол ұрпақ тәрбиесіне келгенде негізгі жүк анаға түскенімен, әкенің де үлесі барын атап өтті. Оның айтуынша, баланың мектеп қабырғасында, әртүрлі үйірмеде, қоғамдық ортада бейімделуі де бала тәрбиесіне әсер етеді. Әрі ол елімізде әйел не бала тәрбиесіне не жұмысқа басымдық беретінін ұмыт қалдырмады. Яғни, мансап жолын таңдаған әйелдің баласын атасы мен әжесі, күтушісі, балабақша қарайтыны белгілі. Сондықтан әлеуметтанушы мұндай мәселеге келгенде, жалпы емес, жекелей жағдайға мән беруді ұсынады.

– Әйелдер мен қыздар уақыты мен күшін ер адамдарға қарағанда үш есе көп жұмсауға мәжбүр болғандықтан, олар оқуды аяқтағаннан кейін жақсы және қауіпсіз жұмысқа орналасуы қиын. Мұндай жағдайды бүкіл адамзаттың игілігіне қарай өзгерту қажет. Қыздар техника және цифрлық технологиялар саласында жұмыс істеу үшін болашақта қажет болатын дағдыларды меңгеруге ұмтылуы қажет, – делінген зерттеуде.

Біз көбіне қоғамдағы қарама-қайшылықпен бетпе-бет келеміз. Аймақтарда әлі де болса қыздардың жоғары білімін жалғастыруға тыйым салып, ертерек тұрмыс құруын қалайтын ата-ана бар. Білімі мен білігі сәйкес келсе де, жұмыс берушілер түйіндемедегі «тұрмыс құрған» деген пунктке үрке қарайтыны жасырын емес. Бірақ олар да жауапкершілік тұрғысынан алғанда қыз-келіншектерге жетері жоғын білсе де, мойындағысы келмейтіндей әсер қалдырады. «Ана бір қолымен бесікті тербететінін» айтсақ та, әлеуметтік ортада құрмет көрсетпейтініміз тағы бар. Алайда бала тәрбиесіне келгенде оларға қоятын талабымыз жоғары. Демек, қызға артылар жүктің салмағын уақыт таразысы да көтере алмасын ұғамыз.

Сандуғаш ҚЫЛЫШБАЕВА

Қазақ қоғамында ежелден қыз баласына, жалпы әйел атаулыға деген құрмет ерекше болған. Әйел адамға қашанда үйдің әні мен сәнін кіргізіп отырған береке жылуы, ерінің ақылшысы, балаларымыздың тәрбиешісі деп қараған. Қазақ қашанда қыз баланы жоғары санап, қонақ деп төрге шығарып, «Қызға қырық үйден тыю» деп құрметтеген. Дәстүр ғана емес дінімізде де әйел адамына деген құрмет бөлек.

ӘЙЕЛДІ ЕР АЯЛАЙДЫ, ЕЗ АЯМАЙДЫ

Табиғат аса жауапты міндет жүктеген арулар тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп дүниеге сәби әкеледі. Барша адамзат осы үшін де әйел затына бас иію керек деп ойлаймын. Әйел бақытты болса, әлем бақытты. «Айға сіңілі, қарындасың қасиетті жерге сен» деп Төлеген ақын жырлағандай, әйел-ананы бар жақсыға, бар кереметке теңеген. Ер адамды әйелден бір саты жоғары тұрады деп құрметтегенмен, әрбір мықты еркектің артында бір әйел тұрады деп бағалаған. Яғни ердің басын төрге сүйрейтін де, көрге сүйрейтін де әйел екенін білген. Осылайша ер мен әйел арасында өзара сыйластық, құрмет болған. Ал бүгін ше? Әйел затына деген сол құрмет қаншалықты сақталып келе жатыр?

Өкінішке қарай, бүгінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық адам құқықтарын бұзудың ең көп таралған түрі болып отыр. Тұрмыста кездесетін зорлық-зомбылықтың көбі жасырын қалып жатқаны шындық. Ондай жағдайға тап болған қыз-келіншектердің көп бөлігі «ұят болады» деп қымсынып, зорлық өмірге төзумен келеді. Алайда әйел бақытты емес жерде отбасы да бақытты болмайды. Әсіресе сол отбасында өсіп келе жатқан жас шыбықтай кішкентай балалардың жүрегіне жара салып, содан психикалық ауытқулар туындап жатады.

«Әйелдің қырық жаны бар» деген түсінікпен сол қорлыққа төземін деп денсаулығына үлкен нұқсан келтіріп, тіпті соңында сол зұлымдық жан тапсыруға дейін аяқталып жатқан жағдайлар жоқ емес. Қоғамды дүрліктірген осындай жағдайлардың бірі бұрынғы экономика министрі Қуандық Бишімбаевтың жары Салтанат Нүкенованың өлімі. ПМ деректеріне сәйкес 2023 жылы кісі қолынан қаза тапқан әйелдер саны 400-ден асқан. Бұл көрсеткіш әлбетте қорқынышты. Тек әйелдер ғана емес, жас қыздарға да көрсетіліп жатқан зорлық-зомбылықтар көп. Осыдан қыз баласы өзін қоғамда қауіпсіз сезіне алмайды.

«Тәрбие отбасынан басталады» демекші, осындай келенсіз оқиғалардың алдын алу үшін алдымен балаға кішкентайынан қыз баласын сыйлауды үйрету керек. Әйел затына ана, әпке, қарындас ретінде қарап, құрметтеуді дәріптеген жөн. Қазіргі балалар тәрбиенің басым бөлігін теледидар мен телефоннан алып жатқаны өтірік емес. Сондықтан баланың зорлық көріп жүргенін үнемі тексеріске алып отыру керек. Сондай-ақ мектептер мен жоғары оқу орындарында да қыз балаға деген құрмет туралы жиі айтылуы қажет деп есептеймін.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың зардабын шеккен әйелдердің басым бөлігі өз арызын қайтып алады немесе кешірім береді екен. Мұның бәрі әрине нәзік жандардың қалайда отбасын сақтап қалу жөніндегі әрекеті. Десе де, содан кейін қитұрқы әрекетін қайталайтын еркектер де жоқ емес.

Сөз сонында нәзік жандарға өз құқықтарыңызды қорғаңыздар дегім келеді. «Ауруын жасырған өледі» дейді қазақ. Осындай қорлық пен зорлыққа отбасым үшін деп көніп жүріп, ертең ата-анасыз жетім балалар көбеймесіне кім кепіл? Олай болмағанның өзінде анасының зорлық көріп өскенін көрген қыз да жалтақ, әкесінің қол көтергенін көрген ұл да ез болып шығуы мүмкін ғой. Есі дұрыс еркек егер сол «еркек» деген атына лайық болса, ешқашан әйел затына қол көтермейді деп ойлаймын.

Құрметті аналар, әпке-сіңілілер өздеріңізді аялаңыздар, сыйлаңыздар! Өздеріңізге бағытталған титтей де дәрекілікке бей-жай қарамаңыздар. Заң бәріне бірдей әділетті. Өз құқықтарыңызды қорғаймын десеңіздер заң әрқашан сіздерді қолдайды.

Ижы АҚЫЛБЕКҚЫЗЫ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

АРУЛАРДЫҢ БАСТЫ БОЙТҰМАРЫ — БІЛІМ

Арулардың сапалы білім алуы келесі буынның тәрбиесі мен біліміне тікелей әсер етеді дейтін пікір жиі айтылады. Ал демографтар «қыздар білімге ұмтылған сайын туу көрсеткішінің төмендейтінін» алға тартады. Елімізде адам капиталының біліммен байланысты екенін ескерсек, қоғамда қыздардың сауатты, білімді болғаны маңызды. Осы тұста «білімді қыздар сауатты ұрпақ тәрбиелейтініне кепілдік бар ма?» деген сауал туындайды...




ОЯТҚЫШ

Арқама ауырлықтың артам жүгін,
Жүгім ауса қағайды арқамды кім?
Талай істен қағылып қалып жүрмін
Жалқаулыққа жалғасып аңқаулықым.

Күн сайын қайталанар мұнда шаруа,
Ұйықтап жүрем көзімді жұмбасам да.
Түнде оятқыш қоятын әдетім бар,
Шырылдаған уақытында тұрмасам да.

Мен бір күні белгілеп бес қырықты,
Ұйықтауға бекіндім деп кешкірлікті.
Алты отызда ұйықтадым бірақ өзім,
Өлгі шырыл «ұйықта» деп естіліпті.

Ойымның бәрін шектеп тұйық қасірет,
Бос уақытқа желініп сүйікті ас боп.
Төсек тартып тұра алмай жатыр біреу,
Мені төсек тартып ұйықташы деп.



Арайлап атпаса да сірә таным,
Өз ішімде күледі күндәрім.
Ұйықтап жүріп жасаған шаруама,
Мен төсек қатынасын ұнатамын.

Мынау іс оңдырмайды түбінде аса,
Шыбым жаным шырылдап түрім қаша.
Оятқыш қойғаным бір жаман жері,
Ешкімнен көре алмайсың шырылдаша.

Шаршамды деп мен бүгін дем аламын.
Бекітіп бәрін тірлік шекараны.
Мәңгілік ұйықтап кетіп оятқышқа,
Білмеймін тұрмай қалсам не боларын?

Өзімнің де жоқ қой деп ей, обалым!
Кей кездері нәсімді тия аламын.
Ұйықтап жүріп жасаған шаруама,
Ояу жүріп қарасам ұяламын.

Тағы бүгін оятқышты қоям ғажап,
Өне бойым сезініп баяу ләззат.
Таң атпай ішкі рухым айқайлауда,
Ұйқыңнан түр! Тірлік қыл! Оян, қазақ!

Бекзат СЕРІКОВ

ҚЫЗ ТӘРБИЕСІНДЕ ТИЯНАҚТЫЛЫҚ ҚАЖЕТ

«Қызым үйде – қылығы түзде» демекші, қыз баланың жүріс-тұрысы мен киім киісі тәрбиенің негізі. Жасаратыны жоқ кейбір ата-ананың баласымен араласуға да уақыты болмайды. Осыдан барып бала ата-анасынан суып, оларға деген сыйластықтан алыстай бастайды. Бала кезінен жылылық мейірімді көрмеген адам баласы жүрегін бойлаған суық ызғардың өшін өзгелерден алатын қатыгездікпен өседі.

Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп апамыз өзінің «Бабалар аманаты» атты кітабында: «Қазақ қазақ болғалы қыл сыйлаған, қызын алқалаған текті халық еді. Сандығында кілт жоқ жомарт қазақ сол жомарттығын алдымен қызына жасаған. «Ұл – түгін, қыз – күтім» деп қызға жақсыны киігізіп, дәмдіні жегізіп, жорғаны мінгізген. Үйдің оң жақ төріне отырғызған. Тұрмысқа шықпаған қызды «оң жақтағы қыз» дейтіні сондықтан. «Ұрыс-керіс естіген қыздың мінезінің мәні болмайды» деп, қыз көзінше орескел, бейпіл сөз сөйлемеген, анайы қылық көрсетпеген. «Бақыты байланады, жолы кесіледі» деп қызға қол көтермеген. Тіпті, отырған қыздың аяғынан аттамаған. Мұны кесір деп түсіндірген. Өйткені еркектің де, әйелдің де тарайтын түбі – қыз. Оң жақта отырғанда жүз жігіттің арманы болса да, қызға бір азаматтың адал жан жары болу – парыз», – деп жазады.

Міне, кешегі қазақ қыздары ата-анадан осылай тәрбие алып, өз отбасының ұйытқысы бола білді.

Қазір қыздарымыздың көзге оғаш көрінетін киімдерін айтар болсақ, бұрын-соңды болмаған, құлақ естіп, көз көрмеген. Ата-ана баламыз қатар құрбысынан қалмасын деген оймен заман талабына сай жана үлгімен киіндіріп, қалталылар көлік мінгізеді. Сонда да әр нәрсенің өз орны бар емес пе?

Иә, әйел – бесік иесі. Демек, әйелдің жайы түзелмей, бесігіміз түзелмейді, бесігіміз түзелмей – еліміз толық түзелмейді. Мұндай ой қыз тәрбиесінің маңыздылығын әрдайым еске салып, ұлт тәрбиесінде иманды да ұлағатты, ізетті де инабатты қыз тәрбиелеудің аса маңызды екенін еске салып тұрғандай. Қыз тәрбиесі сол үшін де дилігір мәселе.

Роза МАХАМБЕТӨЛНЕВА,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы, магистр,
зерттеуші-педагог

Қазақ халқы қашанда қызды қадірлеп, мейірімділікпен қарап, бағалаған. «Руынды сақтаймын десен, ұлынды тәрбиеле, ұлтынды сақтаймын десен, қызынды тәрбиеле» деген сөздің өзінде үлкен мән бар. Жаугершілік заманда да қолына қару алған қыздарымыз аз емес. Сол секілді спорт сапақтарының арасында да бұрымдыларымыз ел абыройын асқақтатып жүр.

СЫР СПОРТЫНДАҒЫ СҰЛУЛАР

КАРАТЭДЕН ТҰҒЫШ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ



Қыздар арасында жұдырығы қатты былғары қолғап шебері, каратэ мен тэквондо үздігі немесе боз кілем төрінде қарсыласының жауырынын жерге тигізген үздіктер көп.

Каратэ спортын жанына серік етіп, талайды мойындатқан Мөлдір Жаңбырбай 1997 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. №212 орта мектептің түлегі. Ептілік пен мықтылық, төзім сыналатын каратэ спортымен 9 жасынан бастап шұғылданады. Бүгінде ол каратэден Қазақстан Республикасының спорт шебері, ересектер арасында ұлттық құрама команданың мүшесі.

Мөлдірдің үздіктер қатарынан көрінетіні әу бастан-ақ белгілі болды. Индонезияда өткен 2010 жылғы Азия чемпионатында қола жүлде иеленді. Осы чемпионаттан кейін 2011, 2014, 2015 жылдары 3 мәрте күміс жүлдегер атанды. Ташкенттегі 2012 жылғы Әлем кубогында ел мерейін өсірді, ал Дубайда өткен 2013 жылғы Азия чемпионатында да алтыннан алқа тақты. Грузияның Тбилиси қаласында өткен 2015 жылғы әлем чемпионатында да Мөлдірдің бағы мен бабы келісіп, жеңімпаз атанды.

2018 жылы Жапонияның Окинава қаласында өткен Азия чемпионатында да топ жарды. Ал Португалияның Лиссабон қаласында өткен 2021 жылғы Karate1 Premier League халықаралық турнирінде күміс жүлдеге ие болды. 2021 жылы Жапония астанасы Токио қаласында өткен жазғы Олимпиада ойындарында +55 келі салмақта 7-орынға тұрақтады.

Ал былтыр Мөлдір Жаңбырбай Қазақстан тарихында тұңғыш рет каратэден әлем чемпионы атанды.

Мажарстанның Будапешт қаласында ересектер арасында өткен әлем чемпионатында Мөлдір ең алдымен, Алжир спортшысын, одан кейін жапон және словакиялық каратэшіні айқын басымдықпен жеңді. Ал жартылай финалда Венесуэла каратэшісін 11-3 есебімен жеңіп, финалға жолдама алды.

Сырда туып-өскен сайыпқыран спортшының әлі де биік шыңдарды бағындыратыны анық.

АТҚАН ОҒЫ МҮЛТ КЕТПЕЙТІН АЙЖАН

Олимпиадалық спорт түрі саналатын стенд атудан үздіктердің бірі – Айжан Досмағамбетова. Бағытты айқын бағдарлап, нысананы дәл көздейтін мерген 1997 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 2003-2014 жылдары Қызылорда қаласындағы №7 қазақ орта мектебінде, 2017-2020 жылдары Түркістан облысындағы “Дарын” колледжінде «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша білім алған. Стенд атудан Қазақстан Республикасының Халықаралық дәрежедегі спорт шебері. 2013-2015 жылдары ересектер арасында Қазақстан Республикасы чемпионатының жеңімпазы атанған.

Адреналинге толы стенд ату спорт түрі қыздарға ең ыңғайлы ойын десек болады. Ауыр дүниені көтермейді, шақырымды артқа тастап жүгірмейді, тек көздегенінен мүлт кетпесе болғаны.



Қырағылық пен қайсарлық бойынан табылатын Айжан 2016 жылы жастар арасында Қазақстан чемпионы, 2021 жылғы Үндістанда өткен Әлем Кубогінің күміс жүлдегері атанған. 2022 жылы Мароккода өткен Әлем Кубогінде күміс жүлде иеленген. Ал Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен 2023 жылғы Азия ойындарында қола жүлдегер атанды. Спорт күнделікті өмір дағдысына айналған Айжанды өзіне деген сенімділік пен тұрақты еңбек жеңіске жетелеуде.

ШАХМАТ ШЕБЕРІ ӘСЕЛ

Шахмат – қарым-қабілет пен амал мен айла, ақыл мен сабыр тартысқа түсетін айқас алаңы. Ақыл-ой додасында талай қарсыласын қапы қалдырған спортшының бірі – Әсел Серікбай. Дарынды бойжеткен 2002 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. №136 орта мектепте білім алған ару үздіктерге бұйыратын “алтын белгіні” иеленген. Мұнан кейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығында білім алған.

Әсел 6 жасынан бастап шахматқа қызықты. Қызылорда облысының №1 мамандандырылған балалар-жасөспірімдердің олимпиадалық резерв мектебінде тәлім алған спортшыға жаттықтырушылары Риза Қошқарова мен Василий Шмельков үлкен үміт артты.

Талантты тани білген жаттықтырушылардың еңбегі ақталды. Өзі сұлу да сабырлы, әрбір істі ақылмен атқаратын, шахмат сырын жетік меңгерген Әсел Шахматтан облыс тарихында алғашқы ФИДЕ шебері атанды. Бүгінде ол Қазақстан Республикасының спорт шебері, ересектер арасында еліміздің құрама командасына Сыр елінен енген тұңғыш шахматшы. Жасөспірімдер және жастар арасында 13 дүркін Қазақстан Республикасының чемпионы. Польшаның Краков қаласында өткен оқушылар арасында әлем чемпионы атанған. 2015 жылы оқушылар арасында өткен Азия чемпионатының жеңімпазы. Жасөспірімдер арасында 3 дүркін Азия чемпионы. Иранда өткен жастар арасындағы Азия кубогының қола жүлдегері. Ересектер арасында Қазақстан чемпионатының күміс жүлдегері атанған Әсел осы жарыстан кейін Қазақстан Республикасының спорт шебері нормативін орындады. Грецияда өткен 16 жасқа дейінгі қыздар арасындағы жарыста әлем чемпионы атанып, 20 жасқа дейінгі жастар арасында Шығыс Азия чемпионатының күміс жүлдесін қанжығалады. Ал 2023 жылы Польшадағы әлем чемпионатында командалық есепте күміс жүлдені иеленді. Дарынды жас 18 дүркін Қазақстан Республикасының чемпионы, 3 дүркін әлем чемпионы, 7 дүркін Азия чемпионы атағына ие болған.



«ҮЛКЕН ДУЛЫҒА» ТУРНИРИНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ЖҮЛДЕ

Қазақстандық Абиба Әбужақынова Ташкентте өтіп жатқан әлемдік Grand Slam жарысының күміс жүлдесіне ие болды. Ол финалда Ресейлік Сабина Гилязоваға есе жіберді.



Ташкентте өткен дзюдо бәсекесінде өз салмақ дәрежесінде фаворит ретінде ол доғаға екінші айналымнан қосылды. Өз тобында Гозель Инамованы (Түркіменстан), Тамар Малканы (Израиль), Мария Селия Лабордені (Куба) жеңіп, жартылай финалға шықты. Жартылай финалда Тара Бабулфазды (Швеция) иппонмен ұтып, финалға жолдама алған болатын.

Айта кетерлігі, бұл Абиба Әбужақынованың биылғы маусымдағы өзі қатысқан үшінші әлемдік жарысы және үшінші жүлдесі.

Ташкентте басталған әлемдік Grand Slam жарысы 3 наурызда аяқталды. Олимпиадалық рейтингке ұпай берілетін жарысқа әлемнің 68 елінен 495 дзюдошы қатысты.

РИММА ВОЛОСЕНКО ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Қазақстандық боксшы Римма Волосенко Италиядағы лицензиялық турнирдің екінші айналымынан сүрінбей өтті.



60 келіде сынға түсетін ол турнирдегі екінші жекпе-жегінде венгриялық Петра Сабомен кездескен еді.

Бұл сында қазақстандық боксшы айтарлықтай қиындықсыз жеңіске жетті. Тіпті, үшінші раундта қарсыласын нокаундға жіберіп ұлгерді.

Осылайша, Волосенко лицензиялық жарыстың 1/8 финалына жолдама алды.

ТУРНИРГЕ ҚАТЫСАТЫН ҚҰРАМА


«15-16 наурыз аралығында Тайвань қаласында (Қытай) тэквондодан Азия іріктеу турнирі өтеді». Қазақстан атынан төмендегі спортшылар сынға түседі:



57 келі: Мария Севостьянова,
+67 келі: Жансель Дениз,
58 келі: Самирхон Абабакиров,
80 келі: Батырхан Төлеуғали

Айта кетелік, тэквондодан Олимпиада бағдарламасына сегіз салмақ дәрежесі енген. Алайда әр команда тек төрт салмақта ғана спортшылар қоса алады.

«ШЕКАРА БАРЫСЫ» АНЫҚТАЛАДЫ



10-11 наурыз аралығында алғаш рет ҚР ҰҚК Шекара қызметі директорының кубогы үшін қазақ күресінен республикалық «Шекара барысы» турнирі өткізіледі. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында ҚР ҰҚК Шекара қызметі, Қызылорда облысы бойынша департаменті бастығының орынбасары-полковник Серік Абусұлтанов хабарлады.

«Евразия» спорт кешенінде ұйымдастырылатын жарыс екі күнге созылмақ. Турнирде еліміздің әр өңірінен жиналған



20 команда, 150-ден астам шекарашы бақ сынайдды. Шекара қызметінен келген спортшылар 9 наурыздан бастап дайындық жұмыстарына кіріспек. Атап айтсақ, әскери қызметшілермен практикалық семинар, жаттығу, мандаттық комиссия, салмақ өлшеу, жеребе тастау, жарысты ұйымдастыру тәртібін нақтылау жұмыстары атқарылады.

Бұл турнир ел шебінің қауіпсіздігін қалтқысыз қорғайтын шекарашылардың арасындағы байланысты нығайтып, қырағы қызметкерлердің күш-жігерін арттырады деген сенімдеміз.



8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні. Көңілге көктем шуағындай сезім мен нұр құятын ерекше күн. Мереке қарсаңындағы гүл шоқтары – тіршілік атаулының оянуы мен жақсылыққа деген үкілі үміттің нышаны іспеттес.

ГҮЛ БИЗНЕСІ ГҮЛДЕНЕ МЕ?

бағасы 3500 теңгеден басталып, жоғарылай береді. Қиялыңызға ерік берген сайын, бағасы да қымбаттай түседі.

Мемлекеттік кірістер комитетінің дерегінде «Ең жоғары сұранысқа ие гүл – раушан. Быыл Қазақстанға жалпы салмағы 724 тонна, құны 6 млн доллар болатын раушан гүлі әкелінген. Екінші орында – хризантема гүлі (жалпы салмағы 97 тонна, құны 883 мың доллар),



үшінші орында қалампыр гүлі (салмағы 28 тонна, құны 165 мың доллар) тұр», – деп жазылған. Өткен жылдың өзінде раушан (жалпы салмағы 3646 тонна, 28,2 млн доллар), хризантема (жалпы салмағы 714 тонна, құны 4,8 млн доллар), далагүл (жалпы салмағы 240 тонна, құны 1,4 млн доллар) қалампыр (жалпы салмағы 197 тонна, құны 1,1 млн доллар) гүлдері елге жеткізілген.

Гүлді түсіне қарап таңдаудың өзі талғампаздықты талап етеді: Сарғылт түс – шығыста тәкаппарлықтың, алып күштің, биліктің нышаны. Осыған байланысты сарғылт түсті гүл шоғын бастығыңызға сыйлағаныңыз дұрыс. Көк түс – батыста сағыныштың, адалдықтың белгісі екен және оны әскерге кетіп жатқан ерлерге сыйлайтын көрінеді.

Ал бізде көк гүлдерді адамның ерекшелігін көрсету үшін тарту етеді. Сары түс – жарықтың және күннің нышаны, сары түсті гүлдер мейірім мен жылулық тілеген адамдарға сыйланады. Дегенмен, біздің мәдениетімізде сары гүл сенімсіздіктің, опасыздықтың, айырылысудың нышаны деп қабылданады. Сондықтан жүрегіміз бойтұмары деп есептейтін жаныңызға сары түсті гүлдерді сыйламағаныңыз дұрыс. Ақ гүл – нәзіктіктің, тазалықтың нышаны. Біздің түсінігімізде ақ түс – жастықтың, пәктіктің белгісі және оларды үйлену тойына сыйлау дәстүрге айналған. Дала гүлдері: түймедақ, қынжыгүл (ландыш), бәйшешекті кез келген әйел затына ешқандай себепсіз тарту етсеңіз болады. Ал қызыл түс – қарапайымдылық пен жастықтың белгісімен астасып жатыр. Қызыл түсті гүлдерді кез келген жастағы адамға, кез келген жағдайда сыйласаңыз болады. Қызыл түс – махаббат түсі. Бірақ қызыл түстің де әртүрлі реңдері бар, осы тұста қателесіп қалмаңыз! Ашық қызыл түсті гүлді ерекше жақсы көретін құрбыңызға немесе туысыңызға, ал қанық қызыл түсті гүлді тек сүйіктіңізге сыйлаған жөн.

Мақсат ҚОСЫМБАЕВ



АБСТРАКЦИЯ – КӨҢІЛ КҮЙДІҢ КӨРКЕМ КӨРІНІСІ

Қылқаламның көмегімен ішкі сезімді бейнелеу, формула арқылы есеп жазудан да күрделі. Мәдени орта қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын бейнелеу саласы өз ішінде түрлі жанрға бөлінеді. Өнер айдындағы ерекше стилдердің бірі – абстракция.



Абстракция – 1940 жылдың аяғында АҚШ елінде пайда болып, Нью-Йорк қаласына қоныс аударған еуропалық суретшілер арқылы дамыған. Бұл жанрдың өркендеуінде голландиялық суретші Пит Мондрианның да еңбегі зор. Ол геометриялық пішіндерді негізгі ала отырып, үйлесімділікке назар аударған. Мондрианның өнері мен шеберлігі көптеген суретшілердің көзқарасына әсер еткен.

Бұл жанрда бейнелеу өнерінің бір неше стилі бірігеді. Абстракция – көңіл күй мен көзқарастың көрінісі. Бастысы, суретшінің ойы мен мақсатының айқын болуы. Осы бағыт арқылы қылқалам шеберлері табиғатта кездеспейтін дүниелерді мазмұндайды. Абстракцияда кескіндер ашық түстермен бейнеленеді. Айқын геометриялық сызықтар, жұмсақ контур, суық, қараңғы және жылы тондар қолданылады. Абстрактілі өнерде қылқалам ғана емес қосымша түрлі заттар пайдаланылады. Бейненің ерше әрі шынайы болуы үшін саусақ пен губка да көмекке келеді. Кесіндеме кеңістігінде скульптура, живопись, пейзаж, портрет пен графика жанрында сурет салатын шеберлер көп. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Даулет Тойшыбаев мырзамен әңгімелесу барысында тақырыпқа негіз болған абстракция жанры туралы сұрадық.

– Қандай жанр болса да, кез келген салаға байланысты сурет салар кезде реалистік бағытта саламын. Ал реалистік бағыттағы сурет пен абстракция сәйкес келмейтін дүние. Шығармашылық жолымда бұл жанрмен де айналыстым, эксперименттер жасадым. Алайда маған ұнаған жоқ, – деді шебер Даулет Тойшыбаев. Жанр туралы зерттеу барысында 16 жастағы суретшімен тілдестік. Өнер әлеміне 5 жыл бұрын атбасын бұрған Дархан сурет салу арқылы ойы, ішкі әлемі мен эмоциясын білдіре алатынын жеткізді.

– Абстракция өнері мен үшін өзін-өзі көрсету, сонымен қатар пішін, түс пен текстуралар арқылы объективті жаңа көзқараспен қарау тәсіліне айналды. Нысан мен сюжет нақты кескінделетін дәстүрлі жанрларға қарағанда абстракция қиындық тудырады. Басты ерекшелігі – сөз, ой, киял бостандығы, белгілі бейнелерді қолданбай эмоция мен идеяны жеткізе алу және композиция арқылы терең түсінік қалыптастыру, – деді Дархан Апирап.

Шығармашылық саладағы тәжірибесімен бөліскенде оқушы алғашқы композициясы туралы айтты.

– Алғашқы туындымы салуда өзге автордың суретін қайталап, қолымды шынықтырдым, бірақ туындыда жеке ойым бейнеленбеді. Уақыт өте келе икемделіп, жеке көзқарасымды бейнелей бастадым. Кейінгі суреттерде бес жыл уақыт арасындағы менің жолым көрсетілді, – деді Дархан.

Туындыларына қарап, ерекше сезімді бастан кешірдік. Жұмыстарында жапон комикстерінің бейнесі бар. Жас талант иесі Такаши Муракамидің жанкүйері екен. Қылқалам жұмыстарында оның әдістерін қолданатынын айтты. Бала кезден сурет салу ісі хоббиіне айналған жас шебер болашағын ІТ саласымен байланыстыруда. Ал өнерді тек сүйікті ісі ретінде қалдырғысы келетінін де жаздырмады. Журналист, жазушы Медет Қайырғали сурет өнері туралы «Қылқалам туындылары – бір қалыптан, бір өлшеммен шығып жатқан зат не бұйым емес. Суретшінің қиял кеңістігі шексіз тұңғыш әлем» деген еді. Шынымен де суретшінің қиялы басқа әлемге жетелейді. Бұл тура абстракция жанрына айтылғандай.

Әлия ТӘЖІБАЙ

САПАСЫЗ ОПА-ДАЛАП ОПА БЕРМЕЙДІ

Қазір көтерме бағада Қытайдан тапсырыспен алынатын зат көп. Соның арасында тұрмыстық заттар, киімдер, сондай-ақ косметика да бар. Бет күтімі, декоративтік косметика сұранысқа ие. Себебі түп нұсқасы бірнеше есе қымбат. Дегенмен «арзанның жілігі татымас» деген қазақ тіркесі бар емес пе? Біз тауардың зиян еместігіне қаншалықты сенімді бола аламыз? Ол алдын ала қандай тексерістен өткен? Сұлулық нарығындағы косметикалардың сапасындағы сызаттың қауіпі қандай? Бұл туралы мақаламызда саралап көретін боламыз.

Брендтік сөмке, сапалы опа-далап, қымбат әшекей бұйым дегенге кез келген нәзік жанды қызығады. Алайда көбінің қолы бұл дүниелерге жете бермесі рас. Оның үстіне қазір түпнұсқа мен көшірменің де айырмашылығын анықтау қиын. Көшірме дүниелер арзан бағада, сапасы жағынан көзге көрінбейтін, бірақ кемшіліктері орасан зор. Ал қатарымнан қалғым келмейді деушілер дүкен сөрелерінде самсап тұрған арзан дүниелерді сатып алады. Тиісінше сапасыз дүние кесірін тигізіп, келбетіңізге нұқсан келтіруі әбден мүмкін.

Әлемде жыл сайын бет әрлеушілер қатары артпаса, кемігенін байқап жатқан жоқпыз. Себебі, бұл кәсіп сұранысқа ие. Қазақстандық салондарда кешкі немесе той қалыңдығының бетін әрлеу құны кемінде 10 мың теңге талап етеді. Бағасына қарамастан нәліктен арулар бұл қызмет түріне жүгінеді деп ойласаңыз, жауап қарапайым: олар тұтынушыларына арзан, сапасыз өнімді қолданбайды. Көбісінің қалтасы көтере бермейтін косметиканың түр-түрі сөрелерді сәндейді. Алайда бұл өнімдер жануарларға жүргізілетін зерттеу жұмыстары арқылы қолданысқа енетінін білесіз бе?

Сұлулық құрбандықты қажет етеді. Дегенмен құрбан болып жатқан жазықсыз аңдар. Иә, осыдан біршама жыл бұрын Ральф есімді қоян туралы бейне роликтің тарағаны естеріңізде ме? Сол бейне әлеуметтік желіде резонанс тулдырды. Халық жануарларды қинап, оларға қорлық көрсетуді доғаруды өтінген еді. Бейнеролик авторларының дйттегені де сол болатын. Көптеген адам немқұрайлық танытпай, қояндарға жүргізілген немесе жүргізілетін эксперименттік өнімдерден бас тарқан. Ал сол медиаөнімнен соң көптеген компания қоянның бейнесі бар құтыларды шығарды, яғни, бұл қояндарға эксперимент жасалынбаған деген мағынаны білдірді.

Уақыт өткен сайын адамдар табиғи сұлулықты бағалап келеді. Сол сұлулықты жай косметиканың көмегімен айшықтап қоюды жөн санайтындар да баршылық. Бірақ бет күтімі – басты назарда. Әлемде Кореяның сұлулық компаниялары танымал. Нарықта топ 6-ға кіретін, небәрі 10 жыл ішінде керемет нәтиже көрсете білген мемлекет. Олардың өнімдерінің құрамы табиғи, қауіпсіз, жоғары нәтижені көрсете біледі. Сондай-ақ бағасы қолжетімді, орамдары тартымды. Ал декоративті косметикаға



кететін болсақ, нарықта талан-таражға түсетін тауар көп. Осы тұста батыс мемлекеттері көш бастап, бүгінде нығыздап алған орынның ешкімге бермек емес. Кәсіби косметиканың басты артықшылығы – компоненттердің жоғары концентрациясы. Сол факторларды кездестіре алатын бірнеше брендті атап өтсек: Dior, Clinique, L'Oreal, Chanel, MAC Cosmetics, Charlotte Tilbury. Атап өткен маркалар қыздар арасында жоғары бағаланады. Себебі сапалық тұрғыда көңіліңізден толық шыға алады. Құны қымбат болғанымен бағасына лайықты, ұзақ уақытқа жарайды. Алайда қолжетімді бағада да құнды боянуға арналған косметикаларды табуға болады. VivienneSabo, Alex Avien, Golden Rose брендтері арқылы ұтымды бағада тауарлар таба аласыз. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: ақшаны үнемдеген дұрыс, алайда кейін өкініп, сан соғып

қалмауыңыз керек. Ең әуелі білікті мамандармен ақылдасып, кейіннен өзіңізге лайық дүниені сатып аласаңыз дұрыс. Білместіктен сан соғып қалған бұрымдылардың әлеуметтік желіде бөліскенде оқиғалары көп. Солардың қатарынан табылғыңыз келмесе, барынша пайдалы, табиғи өнімдерді пайдаланғаныңыз абзал.

Нұршат НЫШАНОВА

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

“Бөкейхан-66” мүлік иелерінің бірлестігі (БСН 210 840 010 277) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзімі ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі 66/37.